ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балапан» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Ш.Т.Рустемова

А.Қ.Қондыбаева

2024-2025жыл

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан»ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:**(02.09.2024-06.09.2024ж) 1-апта
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 02.09.2024** | **Сейсенбі 03.09.2024** | **Сәрсенбі 04.09.2024** | **Бейсенбі 05.09.2024** | **Жұма 06.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қара у және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Суреттерді орналастыру»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау,<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | Күз мезгілінің маусымдық өзгерістермен таныстыру. Жанды және жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту.<br>**Экологиялық білім беру және экологиялық** | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>«Қай жануар артық»<br>Мақсаты: Жасырылған жануарларды таба алады. | «Менің досым»<br>Міндеттері:<br>Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель қуыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын | «Біздің топ» Міндеттері: Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **(сөйлеуді дамыту)** | «Кітаптар»<br>Міндеттері: Сүйікті қуыршақтарымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді қуыршақтарымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру<br>**(көркем әдебиет) (сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **мәденеиет** | | ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту. Жанельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)** | **(Қоршаған ортамен таныстыру) (математика негіздері)** | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>**Жаттығу №1**<br>«Маған қарай жүріңдер» топпен бір бағытта жүру.<br>Шашыла жүгіру – торғай сияқты ұшамыз.<br>Тәрбиеші көмегімен шеңберге тұру.<br>• Б.қ: түзу тұрып, аяқ иық бойымен. Қолды артқа қою.<br>О: Тәрбиешінің «Біздің қолымыз қайда?» деген сөзінен кейін, балалар қолдарын «міне» деп алдыға созады. 5-6 рет<br>• Б.қ: түзу тұрып, аяқ иық бойымен. Қолды артқа қою.<br>О: Тәрбиешінің «Біздің аяғымыз қайда?» деген сөзінен кейін, балалар аяқтарын «міне» деп көрсетеді. 2-3 рет<br>• Б.қ: аяқ түзу, иық бойымен, қол белде.<br>О: отырып – тұру. 6-8 рет<br>Аяқ ұшымен баяу жүгіру.<br>Тәрбиеші артынан бөлме ішінде айналып жүру, демалу жаттығулары | | | | . |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>**(сөйлеуді дамыту) (біртұтас тәрбие)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Ойыншық қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: *Жүру*:Сапта бір-бірден, екеуден жүру. *Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру; *Секіру.* Тұрған орнында қос аяқпен,2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға секіру. Қимылды ойын: Тырналар-тырналар<br>**Музыка (маман жоспары** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: *Жүру*:Сапта бір-бірден, екеуден жүру. *Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру; *Секіру.* Тұрған орнында қос аяқпен,2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға секіру. Қимылды ойын: Тырналар-тырналар<br>**Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта.** Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.*сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық) *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Қимылды ойын:Шыбыққа қалпақ кигізу (біртұтас тәрбие бағдарламасы) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **бойынша)** | | | |
| | Қуыршағымыз демалысын, оған арнап кереует құрастырып берейік. **(Құрастыру)** | «Қуыршақты киіндір» мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдерін тануға үйрету **Ұлттық құндылық** | «Әже» Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адамі туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру**.** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып құану сезіміне бөленуіне жағдай жасау **(көркем әдебиет) (сөйлеуді дамыту)** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту **(математика негіздері)** | Асық ойындары«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында) **Ұлттық құндылық Біртұтас тәрбие** | «Жол және орындық» Құрылыс материалдарынан жол және орындық жасауды үйрету. **(Құрастыру)** |
| **Екінші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау,тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды».Ас болсын!**(мәдени –гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды | | **№1 Күнді бақылау** Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. | | |

| | | |
|---|---|---|
| | ажырату.<br>**Еңбек** Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен карауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»<br>**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын:** «Соқыр теке».<br>**Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Әткіншектебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу.<br>**Тренинг:** «Біз тату баламыз».. | Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды.<br>Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.<br>**Жұмбақ:** Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды (күннің көзі)<br>Аспандағы алып доп<br>Жарқырайды жарық боп (күн)<br>**Көркем сөз:**<br>Күз де келді, күз келді<br>Күдерін жаз үзгенді<br>Күз де келді, күз келді<br>Көкте бұлттар жүзді енді.<br>Күз де келді, күз келді<br>Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев<br>**Қимылды ойын:** «Қоңыздар»<br>**Еңбек**: құмсалғышты жапырақтардан тазарту. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және | |

| | |
|---|---|
| | т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту,көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>***КАРТОТЕКА №1***<br>1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз ( 2- 4 рет)<br>Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз ( 3- 4 рет)<br>2.Өзімізді уқалау. Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз ( 3-4рет)<br>3.Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.<br>Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып башпайларымызды бүгу, босату (4-5 рет)<br>Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып өзімізге қарай тарту (4-5 рет)<br>Орындыққа отырып екі аяғымызды жерге қойып башпайымызды жоғары көтеру, өкшеміз еденде ( 4-5 рет)<br>Жіпке байланған көбелектерді үрлеу ( 4-5 рет) |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** | «Біреу – көп» ойыны. фланелеграфтағы бір және көп заттардың суреті салынған плакатты көрсетеді. Балаларды суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін сұрайды. Кірпілер тек алманы ғана емес, саңырауқұлақтарды да қатты жақсы көретінін айтады. Суретте кірпілерді табуды ұсынада. Кірпілердің арқаларында нешесаңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата? **Математика негіздері,сөйлеуді дамыту** –Суреттен нені көріп тұрсыңдар? Алаша қандай пішінге ұқсайды? Қандай түсті жолақтардан жасалған? –Балалар, ертегілер әлеміндегі ханзадаларға сиқырлы алашалар керек екен, көмектесіп жіберейік. Алдын ала үлгіден | «Суреттерді қарап шығып, күздің бізге не сыйлағанын айтып бер. Күзгі жапырақтың суретін боя. Ол қай ағаштан үзіліп түсті екен?» **Қоршаған ортамен танысу** Жатыр дала жалтылдап, Жаз шуағын мол құйды. Күн астында алтын дән Тербеледі, толқиды. Толықсыған тасқындай Көкжиекпен ұштасып, Күн астында ақ бидай Билейді қол ұстасып.**Көркем әдебиет** | «Қоралар» Міндеттері: Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету **(Құрастыру)** «Мерекелік әсем шарлар» Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты: Өнер орталығында суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** | «Ойыншық» Міндеттері: ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. **(көркем әдебиет)**<br><br>Ойын. «Таны ата» Мақсаты: Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. **(математика негіздері)** | «Артығын тап» дидактикалық ойын. Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату **(математика негіздері)** Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты:Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қиып алып дайындаған көк және қызыл түсті жолақтарды кезектестіре отырып, тігінен, солдан оңға қарай үлгідегідей етіп жапсырамыз **Жапсыру**  көлеңке тауып орналастыру.**Құрастыру** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | жаңылтпаштарды қайталау. Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. (**сөйлеуді дамыту – коммуникативті іс-әрекет**) | "Ойыншық туралы әңгіме" Мақсаты: сүйікті ойыншық туралы қысқаша әңгіме құра білу. (**сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет**) | Балаларға арналған әндерді тыңдау, ән айту, би қабілеттерін дамыту. (**шығармашылық қызмет**) | Отбасындағы және қоғамдағы бала: Мақсаты: отбасы мүшелері туралы білімді бекіту, олардың аттарын атай білу. (**қоршаған ортамен танысу - коммуникативтік қызмет**) | ермексазбен жұмыс |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Балалардың жиі ойнайтын ойыншықтарын алып, шығу негізінде еркін. ойындарын ойнату Қимылды ойын «Кім жылдам» эстафеталық ойын | | Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық | Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу» **Біртұтас тәрбие** | Қандай көкөніс пен жамыстерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт» |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұрғызуға дағдыландыру.Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып,киюін қалыптастыру.Жұмбақтар шешу,өлеңдер,әндер,жаңылтпаштар,санамақтар және тағы басқалар жаттау**.(көркем әдебиет,дербес ойын әрекеті)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.<br>Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.<br>Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну.<br>Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

Тексерілді: Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан»ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:**(09.09.2024-13.09.2024ж) 2-апта
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 09.09.2024** | **Сейсенбі 10.09.2024** | **Сәрсенбі 11.09.2024** | **Бейсенбі 12.09.2024** | **Жұма 13.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, одан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау.<br>**Балармен жеке жұмыс.**<br>Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | Еңбек.<br>Мақсаты:Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту.<br>«Отбасы» суретін көрсету.<br>Міндеттері: Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттегі отбасы мүшелерін атуын?<br>- Ата, әже, әке, апа, | Шығармашылық әрекеттер.<br>«Әжемнің кәмпиттері»<br>Міндеттері:<br>Балалардың қалауы бойынша домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермексаздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын | Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Анаға сыйлық» Міндеттері: сыйлық жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету. Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау<br>Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша орталықтарға бөлініп табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін | «Ата мен әже»<br>Міндеттері:<br>олардың суреттін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу.<br>«Бес саусақ» өлеңін айтқызу<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іні, қарындас<br>-суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланысты рып сөйлеуді үйрету.<br>«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет) (сөйлеуді дамыту)** | жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) (Біртұтас тәрбие)** | Құрылыс орталығында жануарлар отбасына үйшік құрастыруды меңгерту. **(құрастыру)** | жасауды үйрету.<br>Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. Қағаздан жасалған<br>гүл себетіне ұсақ гүлдерді жапсыруды үйрету.<br>**(жапсыру) (сурет салу) (сөйлеуді дамыту)** | Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек<br>– мен, бәрінің базары<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>**Жаттығу №2**<br>• **Топпен тәрбиешінің соңынан жүру.**<br>«Құстар ұшады» – жеңіл жүгіріс.<br>Тәрбиеші көмегімен шеңберге тұру.<br>• **Б.қ:** аяқ иық бойымен.<br>**О:** Тәрбиешінің «Құстар ұшады» деген сөзінен кейін, балалар қолдарымен құс тәрізді ұшады. 5-6 рет<br>• **Б.қ:** Еденге отырып, аяқты айқастыру, қол белде.<br>**О:** Оңға, солға бұрылу. 5-6 рет<br>• **Б.қ:** Түзу тұрып, аяқты иық бойымен қою.<br>**О:** Қолды арқаның артына тығу. «Құстар су ішіп жатыр», еңкейіп саусақтармен тізені тоқылдату. 5-6 рет<br>• **Б.қ:** Түзу тұрып, аяқты бірге ұстау.<br>**О:** «Құстар секіреді», «құстар ұшады» 5-6 рет | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Ас болсын тамағың<br>Өсіп ер жет қалмағың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Орындалсың арманың<br>Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(сөйлеуді дамыту)(біртұтас тәрбие)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)<br>Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)<br>Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию)<br>Бірге күліп жүреміз<br>«Менің отбасым», «Менің анам және әкем», «Мен аға әпкем, іні қарындасым» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден жүру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу.<br>*Секіру.* заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Қимылды ойын: Өз түсіңді тап.<br><br>**Музыка**<br>**(маман жоспары бойынша)** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), бойымен жүру.<br>*Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру;<br><br>Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық.<br><br>Спорттық жаттығулар:<br>Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын жетілдіру<br>**Қазақ тілі**<br>«Отбасы» суретін көрсету.<br>Міндеттері: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым- | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық)<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Қимылды ойын:<br>Шыбыққа қалпақ кигізу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қатынас жасауына жағдай жасау. Тәрбиеші көмекшісімен бірге рөлдік ойын ойнау. Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде дамыту | |
| | Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Алия құыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту **(сөйлеуді дамыту)** Жанельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **(Сурет салу)** | Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **(сөйлеуді дамыту)** **(Қоршаған ортамен таныстыру) (математика негіздері)** | Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адам туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып қуану сезіміне бөленуіне жағдай жасау **(көркем әдебиет)** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, | Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** Бәріміз бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді тәрбиеші апайға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру **(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Мүсіндеу)** | | салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту **(математика негіздері)** | | |
| **Екінші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау,тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды».Ас болсын!**(мәдени –гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **№2 Ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты**: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз:**<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көблек секілді<br>Аспанда жай шатырлап<br>Тамшы жерге секірді<br>**Тақпақ:**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан – алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»**<br>Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту | | **№3 Тұманды бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат түсінік беріп; табиғат құбылысы тұманды бақылау. Қоршаған ортаның әдемілігін сезініп түсінуге үйрету, күздің алуан түрлілігін көруге үйрету.<br>Тәрбиеші тұман ол – табиғаттың бір құбылысы екендігін айтады, күн шыға бастағанда тұман азая бастайды, ал күн жылына бастағанда туман жоқ болып кетеді, ол ауа-райының өзгеруінен пайда болатын құбылыс.<br>**Болжам:** Күз жылы болса-қыс ұзақ болады.<br>**Жұмбақ.**<br>Құстар қайта бастады,<br>Құстар қанат қағады,<br>Қоштасқандай бізбенен<br>Бұл қай кезде болады? (Күзде)<br>**Ойын:** «Күн мен түн»<br>**Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін дамыту.<br>**Алаңдағы еңбек:** Ойын аланың сыпыру. | | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»** | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)** | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>***КАРТОТЕКА №2***<br>1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз ( 2- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет)<br>Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз ( 3- 4 рет)<br>2. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. ( 3- 4 рет)<br>3. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз<br>еденге тигіземіз ( 3- 4 рет)<br>Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу ( 4-5 рет) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысын менгеру ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | «Аналарымызға арналған моншақ»<br>Міндеттері: моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру.<br>Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату.<br>Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші.<br>Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» **(математика негіздері) (Мүсіндеу)**<br>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)**<br>«Шама»<br>Міндеттері:<br>Ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер | «Нешеуміз?»<br>Міндеттері: тақпақты қайталап айтуын ұйымдастыру **(көркем әдебиет)**<br>Шығармашылық әрекеттер.<br>Мақсаты: Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет және жапсыру жұмыстарын ұйымдастыру.<br><br>**Зерттеу:Судың қасиеті.** | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)**<br>Шығармашылық әрекеттер.<br>Мақсаты:<br>Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру.<br>Екінші топқа ермексаздан торт жасауды меңгерту **(мүсіндеу).**<br><br>Еркін іс әрекеттер | «Тақия»<br>Міндеттері:<br>Балалардың қалауы бойынша аталарға арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қарандашты дұрыс ұстауын дамыту.<br>Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау.<br>Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу.<br>**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | жаңылтпаштарды қайталау.<br>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. | "Ойыншық туралы әңгіме"<br>Мақсаты: сүйікті ойыншық туралы қысқаша әңгіме құра білу.<br>**(сөйлеуді дамыту-** | Балаларға арналған әндерді тыңдау, ән айту, би қабілеттерін дамыту. | Отбасындағы және қоғамдағы бала:<br>Мақсаты: отбасы мүшелері туралы білімді бекіту, олардың аттарын атай білу. | ермексазбен жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту – коммуникативті іс-әрекет)** | **коммуникативтік қызмет)** | **(шығармашылық қызмет)** | **(қоршаған ортамен танысу - коммуникативтік қызмет)** | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қ/о «Ақ доп, қызыл доп»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/О «Поезд»<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету. | «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау (Математика негіздері)<br>Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр» | Қ/о «Торғайлар мен автомобиль»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Нешеуміз?<br>Тақпағын қайталап пысықтау<br>(көркем әдебиет)<br><br>Қ/О Құстардың ұшып келуі»<br>Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруға дағдыландыру.Асықпай дұрыс .сапты бұзбай жүруге үйрету. | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау. | Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру. | Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау. | Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну | Іс шарадан алған әсерлерін сұрау. |

**Әдіскер:** [signature] Ахмедекова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан»ортаңғы тобы
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** (16.09.2024 - 20.09.2024ж) 3-апта
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 16.09.2024 | Сейсенбі 17.09.2024 | Сәрсенбі 18.09.2024 | Бейсенбі 19.09.2024 | Жұма 20.09.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, Әңгімелесу,кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күзгі ауа райына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орнын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары.<br>Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | «Бауырсақ» Міндеттері: Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. | «Бауырсақ» Міндеттері: Қонаққа бауырсақ келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету Бауырсаққа арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)** | «Үйшік» Міндеттері: Шағын үйшік салуды үйрету Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу **(құрастыру) (сурет салу)** | Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салысыту, санау **(математика негіздері) (көркем әдебиет)** Міндеттері: | «Ойыншықтар жәрмеңкесі» Міндеттері: жәрмеңке ұйымдастырып, әр түрлі ойыншықтарды алып ойынан ертегі құрастыру дағдысын дамыту. Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салу қабылеттерін жетілдіру. Біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(көркем әдебиет)** | | | Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | **(көркем әдебиет)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>**Жаттығу №3**<br>«Маған қарай жүріңдер» топпен бір бағытта жүру.<br>Шашыла жүгіру – торғай сияқты ұшамыз.<br>Тәрбиеші көмегімен шеңберге тұру.<br>• Б.қ: түзу тұрып, аяқ иық бойымен. Қолды артқа қою.<br>О: Тәрбиешінің «Біздің қолымыз қайда?» деген сөзінен кейін, балалар қолдарын «міне» деп алдыға созады. 5-6 рет<br>• Б.қ: түзу тұрып, аяқ иық бойымен. Қолды артқа қою.<br>О: Тәрбиешінің «Біздің аяғымыз қайда?» деген сөзінен кейін, балалар аяқтарын «міне» деп көрсетеді. 2-3 рет<br>• Б.қ: аяқ түзу, иық бойымен, қол белде.<br>О: отырып – тұру. 6-8 рет<br>Аяқ ұшымен баяу жүгіру.<br>Тәрбиеші артынан бөлме ішінде айналып жүру, демалу жаттығулары | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Ас болсын тамағың<br>Өсіп ер жет қалмағың<br>Орындалсың арманың<br>Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Ерте тұрып күнде мен<br>Терезені ашамын<br>-Сәлем!,-деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын<br>-Қайырлы таң апашым! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деймін келіп апама<br>Қайырлы таң аташым!<br>деймін келіп атама<br>Қайырлы таң, достарым!<br>деймін келіп досыма, осындай жақсы көңіл күйде әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру;<br>*Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен<br>жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br><br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп<br>жүру;<br>*Жүгіру.*<br>сапта бір-бірден жүгіру;<br>*Секіру.* Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға<br>секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Шыбыққа қалпақ кигізу<br>Спорттық жаттығулар:<br>Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын жетілдіру<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Бауырсақ»<br>Міндеттері: Ертегіні үстел үсті кейіпкерлері айтып беруіне үйрету.<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп<br>жүру;<br>*Жүгіру.*<br>сапта бір-бірден жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.*<br>оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Қимылды ойын:<br>Өз түсіңді тап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту | |
| | Отбасы суретін көрсету.<br>Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттегі отбасы мүшелерін атуын?<br>- Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас<br>-суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланысты рып сөйлеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br>«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет)**<br>**(Біртұтас тәрбие)** | Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суре<br>тін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мусінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** | Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br>«Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. **(мүсіндеу)**<br>Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. **(құрастыру)** | Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау.<br>«Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету**(сөйлеуді дамыту)**<br>Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету<br>Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. **(сурет салу)**<br>Ермексаздан торт жасауды менгерту **(мүсіндеу).**<br>Қағаздан жасалған гүл себетіне үсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)** | Ата мен әжелерінің суреттін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу.<br>«Бес саусақ» өлеңін айтқызу<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы<br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**(Біртұтас тәрбие)** |
| **Екінші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау,тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды».Ас болсын!(**мәдени-гигиеналық дағдылар**) | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | |
| **Серуен** | **№5 Шықты бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру.<br>**Бақылау**: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсыңдар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? ( күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады.<br>Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)<br>**Жұмбақ:**<br>Мөлдіреген жүзімді,<br>Ұстап едім, езілді. (Шық)<br>Таңертең бар, кешке жоқ<br>Кеш түгелі түсте жоқ<br>Мен әдемі моншақпын<br>Ірі емеспін, ұсақпын,<br>Мойнына ешкім таға алмас (Шық)<br>**Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»**<br>**Алаңдағы еңбек:** қураған өсімдіктерді жинау. | **№6 Күзгі аспанды, бұлтты бақылау**<br>**Мақсаты:** Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру.<br>Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл).<br>Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)<br>**Болжам:** аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.<br>**Жұмбақтар:**<br>Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді,<br>Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр)<br>Күндер қысқарады, түндер ұзарады<br>Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)<br>**Жұмбақ:**<br>Көлігі жоқ, көшеді,<br>Өзін кезбе деседі. (бұлт)<br>**Қозғалмалы ойын:** «Орамал тастау».<br>**Алаңдағы еңбек**: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау) |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже: | |

| | |
|---|---|
| | Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп  қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін  оқып беру **(көркем әрекет)**<br>***КАРТОТЕКА №3***<br>***1.*** Төсекте жатып жасайтын жаттығулар *( 2-3 минут)*<br>Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу.<br>***2*** Майтабанның алдын алу. *( 2 минут)*<br>Мысық сияқты аяқтын ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, *( 3- 4 рет)*<br>***3*** Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. *( 2 минут)*<br>Ашулы мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. *(10 сек)*<br>Мейрімді мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . *(10 сек)*<br>***4*** Демалу жаттығулары<br>Мяууу мяууу мяуууу<br>Фррр фрррр фрррр |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау  жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық  дағдылар**). |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** | «Тәулік бөліктері» Міндеттері: Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. **(математика негіздері)** «Бауырсақ» Міндеттері: Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру. **(мүсіндеу, жапсыру)** | «Бауырсақ» Міндеттері: Бүгін кім келгенін естеріне түсіру. Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру Құратырмалы ойынышықтардан Бауырсаққа үй құрастыру. Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(Құрастыру) (Математика негіздері) (Жапсыру)** | «Торай» Міндеттері: ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру, салыстыру (үлкені кіші) Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдау. Ертегі желісі бойынша сюжеттік сурет салу**.** Сюжеттік мүсіндеу. Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін жапсыру **(Сурет салу, Жапсыру, Мүсіндеу) (Математика негіздері)** | «Үш торай және бауырсақ» Міндеттері: ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | «Ертегілер елінде» Міндеттері: Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Міндеттері: Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерінің суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тіл ұстарту жаттығулары Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. **(сөйлеуді дамыту – коммуникативті іс-әрекет**) | "Отбасы» туралы әңгіме Мақсаты: сурет арқылы өз отбастары туралы қысқаша әңгіме құра білу. **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет**) | Балаларға арналған әндерді тыңдау, ән айту, би қабілеттерін дамыту. **(шығармашылық қызмет**) | Отбасындағы және қоғамдағы бала: Мақсаты: отбасы мүшелері туралы білімді бекіту, олардың аттарын атай білу. **(қоршаған ортамен танысу - коммуникативтік қызмет)** | Бұл қай ер тегі? Мақсаты:Ертегілерді тыңдау арқылы ажырата білуді жалғастыру. (көркем әдебиет) |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Еркін тақырыпта сурет салу<br>**Мақсаты:** балалардың қиялын, шығармашылығын дамыту.<br>**(шығармашылық)** | Ермексазбен жұмыс: «Анамның жақсы көретін жемісі»<br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ қол маторикаларын дамыту.<br>**(шығармашылық)** | Аз қимылды ойындар: «Сөзді есіңде сақта»<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(физикалық қасиеттері, комуникативтік)** | Мозайкамен жұмыс: «Әкеме арналады»<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**(шығармашылық, танымдық және зияткерлік)** | Әртүрлі конструкторлармен ойын» **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**(шығармашылық, танымдық және зияткерлік )** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Дайын жапсыру пішіндерінен жануарларды жапсыру.<br>**(Жапсыру)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу. Еркін ойындар<br>Қ/о:Қоян мен қасқыр | Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстыру.<br>**(құрастыру)**<br>Қ/о: Тырналар-тырналар | Мысықтың дауысын салу.<br>Қ/о: Тышқандар мен мысық | Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру.<br>**(музыка)**<br>Доппен ойындар.<br>Қ/о: «Күміс алу» | Ермаксаздан апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру.<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)**<br>Қандай көкөніс пен жамestерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұрғызуға дағдыландыру.Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып,киюін қалыптастыру.Жұмбақтар шешу,өлеңдер,әндер,жаңылтпаштар,санамақтар және тағы басқалар жаттау.**(көркем әдебиет,дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалармен орман туралы әңгімелесу. | Құстар туралы жаттаған тақпағын сұрау | Табиғи материалдардан орман жасауды ұсыну. | Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

Тексерілді: Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (14.10.2024-18.10.2024ж) 3-апта
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 14.10.2024** | **Сейсенбі 15.10.2024** | **Сәрсенбі 16.10.2024** | **Бейсенбі 17.10.2024** | **Жұма 18.10.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай көңіл белгілері арқылы көңіл күйін білдіру. Сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді қолдануы жөнінде сауалнама алу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап» **Балалармен жеке жұмыс.(Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| | «Үй жануарлары» Міндеттері: жайлы суреттер көрсету, әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланыстырып сөйлеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | Міндеттері: Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. | Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта **(сурет салу және жапсыру)** жұмыстары | Өзінің үйіндегі сүйікті жануардың суретін салу немесе ермексаздан жасауды меңгерту **(сурет салу, мүсіндеу).** | «Үй жануарларының дауысы арқылы тану». Міндеттері:Топтағы ойыншықтарын табу, сипаттау. Не білетіндерін әңгімелеу. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Жаттығу №6<br>• Жүру: Бірінің артынан бірі тұру.<br>• Б.қ:Түзу тұру, аяқты бірге қою.<br>О: Басты алдыға, артқа қозғалту.<br>• Б.қ: Түзу тұру, аяқты бірге қойып, қолды алдыға созу.<br>О: 1-2 қолды созып айқастыру.<br>3-4 саусақтарды ашып жұму 4-5 рет<br>• Б.қ: Қолды бүгу, түзу тұру.<br>О: 1-2 қолды кезек бүгу.<br>3-4 қолды кезек жазу4-5 рет<br>• Б.қ: Қолды белге қою, аяқтың арасын ашу, түзу тұру.<br>О: 1-2 оңға бұрылу.<br>3-4 солға бұрылу. 4-5 рет<br>• Тыныстау жаттығулары:<br>1-2 дем алу.<br>3-4 дем шығару.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.(Біртұтас тәрбие)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Таңғы жиын.<br>«Бес саусақ» өлеңі<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы<br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br>(көркем әдебиет)<br>«Үй жануарлары» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td></td><td>Дене шынықтыру<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>Жүру. Әртүрлі бағытта: шашырап,</td><td></td><td>Дене шынықтыру<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>Жүру. Әртүрлі бағытта: шашырап,</td><td>Дене шынықтыру<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>Жүру. Әртүрлі бағытта:</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Арқан бойымен жүру<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру<br><u>Қимылды ойын:</u><br>Қуыр-қуыр қуырмаш.<br>**Музыка**<br>маман жоспары бойынша | | тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Арқан бойымен жүру<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Өз түсіңді тап.<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда<br>**Қазақ тілі**<br>Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер: Балабақша, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы | шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Арқан бойымен жүру<br>*Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br><u>Қимылды ойын:</u><br>Поезд |
| | «жеті лақ» ертегісін оқып беру.<br>Міндеттері: (үстел үсті театры) кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу<br>**(көркем әдебиет)**<br>Міндеттері:Карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан үй | «Үй жануарларының төлдерін атауды үйрету».<br>Міндеттері: Оларды сипаттауды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша үй жануарлары тақырыбында геометриялық пішіндерден сурет салғызу, ермек саздан | Ниткография әдісімен балаларға үй жануарларын жапсыруды үйрету.<br>Міндеттері: Қол еңбегі арқылы балалардың көркемдік талғамын қалыптастыру.<br>Балалардың ойлау, қабылдау ,есте сақтау, | «Менің үй жануардан досым тақырыбында әңгімелесу».<br>Міндеттері: Үйдегі мысығы немесе күшігін сипаттап сөйлеуді үйрету<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>«Үй жануарларының қорасын жасау»<br>**(мүсіндеу)** | «Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру».<br>Міндеттері: Үй жануары атты көлік құралы ретінде пайдаланатыны туралы түсінік беру. Суреттер тамашалау. Ойыншық аттарды салыстыру. Дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларын құрастыру. **(құрастыру)** | мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсіндерден құрастырып жасату, пішіндерден үй жануарын жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | көру қабілеттерін түстерді айыра білуге дамыту.Еңбек еткенде ,жіп тартқанда саусақ ,қол қимылын дамыту. **Күлгін орман дамытушы орталығында балалардың әрекет етуі** Міндеттері:балаларды ң сөйлеу тілдері,логикалық ойлау қабілеттері, зейіндерін дамыту. | | мүшелерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** |
| **Екінші таңғы ас** | Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **№8 Күзгі желді бақылау**<br>**Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.<br>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау.<br>Жапырақтардын желден сыбдырлағанын | | **№9 Гүлзарларды бақылау**<br>**Мақсаты**: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру .<br>**Бақылау**<br>Күн жылы болып, кун сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. | | |

| | | |
|---|---|---|
| | тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапрырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау.<br>Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка ), желбіреуішпен.<br>**Көркем сөз:**<br>- Бұлт-ау көктен төнесің,<br>Қайдан көшіп келесің,<br>- Мухит үрлесе, желемін!<br>Жел үрлесе желемін!<br>**Қимыл – қозғалыс ойын** «Ұшақтар».<br>**Мақсаты** : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру.<br>**Аландағы еңбек** . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау. | **Тақпақ:**<br>Гүл өсірем үйде<br>Су құямын күнде<br>Гүл күткенді біледі<br>Бойын сылап сүйеді<br>Күнде гүлін ашады<br>Жұпарын маған шашады<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Қимыл – қозғалыс ойын** «Мысық пен торғайлар».<br>**Мақсаты:** жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету,<br>**Еңбек алаңында жұмыс істеу :** Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау**.** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)** | |

<table>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту.(мәдени-гигиеналық дағдылар).<br>КАРТОТЕКА № 7<br>1. Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып оң қолымызды сол аяғымызды жоғары көтеріп, түсіреміз. Қол аяғымызды ауыстырып қайталаймыз ( 3- 4 рет) 2 . Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу. «Ауырма» (Нүктелі массаж) - Тамақ қатты ауырмасын, жөтелмейік, түшкірмейік. Батылырақ уқала мұрын тұсын, маңдайды да уқалауға ерінбейік Алақанды маңдайға, Саусақтарды айырлап, Құлақтарды уқала сондайда. Суықтан біз қорықпаймыз, Ия, ия, ия. Суықтан біз қорықпаймыз, Қорықпаймыз, ауырмаймыз. Массажды балалар өз бетімен орындайды. 3.Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Анайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. 4 Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Кезекшілердің жұмысын менгеру ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті</td><td>Үй жануарларын ермексазбен табиғи материалдармен (жаңғақтармен) мүсіндеу.<br>(Мүсіндеу)<br>Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру.<br>Карточкалармен жеке жұмыстар.<br>Дидактикалық ойын «артық пішінді тап»<br>(математика негіздері)<br>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер</td><td>«жеті лақ» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би үйрену. (көркем әдебиет, музыка)<br><br>Үй жануарларын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету.<br>(Математика негіздері)</td><td>Үй жануарлары бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру.<br>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Зерттеу:<br>Су мен майдың араласуын тексеру</td><td>Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау.<br>(көркем әдебиет, музыка)<br><br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды жетілдіру.<br>(құрастыру)<br><br>Еркін іс әрекеттер</td><td>Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br><br>Еркін іс әрекеттер</td></tr>
<tr><td>Балалармен жеке</td><td>Дидактикалық ойын</td><td>Балалармен әңгімелесу:</td><td>Желілі-рөлдік ойын:</td><td>Ертегі оқып беру:</td><td>Балалармен: «Менің</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | **ойнау :** «Неге теңеймін?»<br>**Мақсаты:** ойын арқылы қоршаған орта заттарын танып атауға үйрету. **(әлеуметтік эмоционалды)** | «Менің отбасым»<br>**Мақсаты:** Сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен байыту. **(комуникативтік)** | «Қуыршақты тамақтандыр»<br>**Мақсаты:** Балаларға қуыршақты көрсете отырып, тамақтану мәдениетін естеріне түсіріп өз беттерімен айта білулерін қадағалау. **(комуникативтікі,физикалық қасиеттері,әлеуметтік-эмоционалды)** | Бауырсақ ертегісін оқып беру арқылы балаларға әр ертегі кейіпкерінің дауысы мен оның мінез құлқын айтып түсіндіру, ертегіні сомдауға үйрету. **(физикалық қасиеттері, комуникативтік)** | досым» тақырыбында әңгімелесу<br>**Мақсаты:** Балалар өздерінің достарының кім екенін айта отырып сипаттап беруге үйрету. **(комуникативтік)** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | Фланелерафқа үй жануарларын тауып жапсыру<br>**(жапсыру)**<br>Қ/о «Ақ доп, қызыл доп»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/О «Поезд»<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету. | «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау<br>**(Математика негіздері)**<br>Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр» | Қ/о «Торғайлар мен автомобиль»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Білетін тақпақтарын қайталап айтуын пысықтау<br>**(көркем әдебиет)**<br>Қ/О Құстардың ұшып келуі»<br>Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұрғызуға дағдыландыру.Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып,киюін қалыптастыру.Жұмбақтар шешу,өлеңдер,әндер,жаңылтпаштар,санамақтар және тағы басқалар жаттау.**(көркем әдебиет,дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Үй жануарлары туралы не білетінін сұрау. | Жеті лақ ертегісін айту | Үй жануарлары бейнеленген кітаптар карауды ұсыну | Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну | Іс шарадан алған әсерлерін сұрау. |

Тексерілді Айдимбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (21.10.2024-25.10.2024ж) 4-апта
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 21.10.2024** | **Сейсенбі 22.10.2024** | **Сәрсенбі 23.10.2024** | **Бейсенбі 24.10.2024** | **Жұма 25.10.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | «Құстар» Міндеттері: Кітаптар орталығында үй құстары бейнелеген кітаптарды көрсету. Үй құстары туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. «Бала бала балапан» әнін айту. би қымылдарын жасау. Балапан туралы не білетінін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)** | Құстардың қимылы мен дауыстарын салу қабылеттерін жетілдіру. «Қуыр қуыр қуырмаш»әнін айтқызу. Үй құстары немен тамақтанады сұрау, дәндерді көрсетіп ақпараттар беру. **(көркем әдебиет)** | Дидактикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. **(көркем әдебиет)** Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санау **(математика негіздері)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауын үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Жаттығу №7<br>• «Автобусқа отырамыз» - бір бағытта аяқты тарсылдатып жүру.<br>Шашыла жүгіру.<br>Шеңберге тұру<br>• Б.қ:Аяқ иық бойымен.<br>О: Қолды алдыға-артқа тербету 4-5 рет<br>• Б.қ: Аяқ иық бойымен.<br>О: Денені оңға солға бұру. 4-5 рет<br>• Б.қ: Түзу тұру, аяқ иық бойымен, қол белде.<br>О: Тізені бүгіп, алдыға еңкейіп «бом-бом» деп айту. 4-5 рет<br>• Б.қ: Аяқ иық бойымен, қол белде.<br>О:Орнында тұрып, екі аяқпен секіру.. 4-5 рет<br>«Автобуспен қайтамыз» тәрбиеші артынан жүру | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: тура, шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші | | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: тура, шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру.* Әртүрлі бағытта: тура, шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Домалату, лақтыру,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жағына,<br>«жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру<br><u>Қимылды ойын:</u><br>Поезд<br><br>**Музыка** (маман жоспары бойынша) | | «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><u>Қимылды ойын:</u> Допты дәлдеп лақтыр<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын Қалыптастыру<br>**Қазақ тілі**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздермен сөздік қорларын толықтыру:<br>жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, жер, орамал. | *қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның,доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Торғайлар мен автомобиль |
| | Ұжымдық сурет салу..<br>Қарапайым табиғат құбылыстарын, | **«Үйрек»**<br>Міндеттері: Қонаққа үйрек келуін ұйымдастырумен | Біртекті құстардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. | Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құстарды бейнелеуге баулу<br>**(сурет салу)** | балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету. Үйрекке арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. Үйрекпен қоштасу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)** | **(математика негіздері)**<br><br>құстарға арнап әр түрлі заттар құрастыру<br>**(құрастыру)** | жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | |
| **Екінші таңғы ас** | Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **№10 Күзгі жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру.<br>**Бақылау:** шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? ( оларға суық болды) Олар қайда тығылды? ( ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу.<br>**Көркем сөз:** «Көбелек»<br>Көбелек –ау, көбелек! | | **№11Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты**: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.<br>**Тақпақ:**<br>Күзде жауын. Бұлт. Тұман<br>Сары жапырақ жауады.<br>Сары құйын ұйтқыған<br>Сапырады ауаны<br>Тапталады табанға<br>Судыр- судыр жапырақ<br>Өрттей сары бояуға<br>Малынғандай атырап. М. Әлімбаев<br>**Қозғалмалы ойын:** «Ұшақтар».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Әдемісің керемет<br>Гүлге келіп қона ғой<br>Өзің де гүл бола ғой.<br>**Қозғалмалы ойын:** «Инеліктің əні»<br>**Мақсаты:** сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру.<br>**Еңбек алаңында жұмыс істеу:** ағаштардан кепкен бұтақтарды алып тастау, жапырақтарды жинау. | **Алаңдағы еңбек:** құстарға жемсалғыш жасау. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, əндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем əрекет, дербес ойын əрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мəдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек əрекеті)**<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)** | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем əрекет)** | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық əдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту.**(мəдени-гигиеналық дағдылар**).<br>***КАРТОТЕКА №8***<br>*1*. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар *( 2-3 минут)*<br>Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау .<br>*2* . Еденге жалаңаяқ тұрып.<br>**Қазақ үйін құрамыз** . | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дөңгеленіп тұрамыз<br>(шеңбер болып тұрады)<br>Керегені құрамыз<br>(қолдарын бір – бірінің қолымен ұстасады )<br>Уықтар боп иіліп<br>(қолдармен биік көтереді)<br>Шаңыраққа киеліп<br>(қолдарын биік ұстап, саусақ ұштарын иеді)<br>Қазақ үйін құрамыз .<br>(Барлығы қайтадан қолдарын ұстасады) | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Міндеттері: Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. **(математика негіздері)**<br>Балалардың таңдауы бойынша балапанды ермексаздан жасау, үй құстарын фланелеграфта жапсыру. **(мүсіндеу, жапсыру)** | Міндеттері:Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту **(Математика негіздері)**<br>«Үйшік»<br>Міндеттері: Құрастырмалы ойынышықтардан үйрекке үй құрастыру **(Құрастыру)**<br>Фланелеграфта үйректі балапандарымен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(Жапсыру)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | «Ұсқынсыз үйрек» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Дидактикалық ойын**«Ойлан тап!»<br>**Мақсаты:**Берілген суреттерді көрсетіп заттың атауын, түсін, белгілерін атау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз»(сурет қарастыру)<br>**Мақсаты:**қарапайым | ***Әңгіме құрастыру***<br>Балабақшаң, өз тобың уралы әңгімелеп бер»<br>**Мақсаты:***Өзінің келетін тобы мен | **Дидактикалық ойын**: Ғажайып қапшық»<br>**Мақсаты:**баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін | Өткен тақырыптарды қайталау ретінде түстер мен пішіндер туралы ойындарды еске түсре отырып әңгімелесу. | . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрақтарға жауап беруге үйрету. | балабақша атауын білуін, ондағы тәртіп пен қызық жағдайларды өз беттеріне еркін әңгімелеп беруге үйрету. | сөздермен байыту. | **Мақсаты:** қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастыру.<br>**(құрастыру)**<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/о «Сақина жасыру».<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>«Ұсқынсыз үйрек» ертегісін қайталап кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету.<br>**(көркем әдебиет)** | Қ/О «Сақина жасыру»<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар<br><br>«Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеу.<br>**(Мүсіндеу)** | Ертегідегі жануарлар қандай табиғатқа жатады. Өлі әлде тірі табиғатты танып анықтауын қалыптастыру. Үй құстары қайда тіршілік ететінін зерттеу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау. | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Үй құстары туралы сұрауға кеңес беру. | Ұсқынсыз үйрек ертегісін айтып беруін сұрау | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. | Қуыр қуыр қуырмашты үйде жасауға кеңес беру. | |

Тексерілді: Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (28.10.2024 - 01.11.2024ж) 5-апта
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| Күн тәртібінің үлгісі | **Дүйсенбі 28.10.2024ж** | **Сейсенбі 29.10.2024ж** | **Сәрсенбі 30.10.2024ж** | **Бейсенбі 31.10.2024ж** | **Жұма 01.11.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті, саусақ және т.б ойындар. **Танымдық дағдылар** | Гүлдердің шаңын сүрту.<br><br>Міндеті: тазалыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.**Әлеуметтік дағдылар** | Сөредегі ойыншық-тарды жинату.<br><br>Міндеті:жинақылыққа тәрбиелеу.**Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары** | Құрылыс ойындары<br><br>**Құрастыру әрекеті** | Үстел үсті ойыны «Үйшік құрастыр» **Шығармашылық дағдылар** |
| Ертеңгілік жаттығу | **Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Ө**з орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарауды қалыптастыру<br>**Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, естуқабілетінің дамуына ықпал ету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу<br>**Көркем әдебиет** | Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.<br>**Көркем әдебиет** | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету<br>**Сенсорика** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру<br>Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау<br>Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.<br>Орнында жүру.<br>Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу.<br>**Музыка** | | **Дене шынықтыру**<br>Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру.<br>заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу;<br>**Қазақ тілі**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту.<br>Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздермен | **Дене шынықтыру**<br>Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру.<br>Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.<br>Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру;<br>Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Маман жоспарымен | | сөздік қорларын толықтыру: жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, жер, орамал. | |
| | Орман туралы мультфилім көрсету. Танитын заттарын атату. Орман дыбыстарын қайталау. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Құрастыру ойыншықтарымен ойындар. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр),жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. **(Құрастыру)** | Орман, ағаштар, құстар, жануарлардың атауларын атату. Сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру. «Бауырсақ» ертегісін оқу. Орманда жүрген суретін көрсету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Домалақ пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету **(сенсорика)** | Орманды мекендейтін жануарлардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен айтуын байыту. Жануарлардың дыбыстарын салу, қайталауды дамыту. Кітаптардан суреттерін қарату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебеит)**<br><br>Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Орман бейнесін жасату. **(жапсыру)** | Балалардың жақсы көретін мультфилімін бірге тамашалау. Кейіпкерлердің сөздерін, қимылдарын қайталату. **(көркем әдебиет)**<br><br>Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. **(сенсорика)** | Балаларға қоржыннан әр түрлі заттарды алуды ұсыну. Осы заттар көп болса қалай айтамыз деп айтып үйрету. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.<br><br>Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Лэпбуктерге орман бейнесін жапсырту.<br>**(Жапсыру)** | Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.<br><br>Тастардан мұнара құрастыруды үйрету.<br>**(Құрастыру)**<br><br>Жапырақтарды және олармен әрекеттерді атау, оларды балабақша ауласында тануды пысықтау.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | Қалта айнасына қарату. Өз есімдерін атату. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету | Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Жел тұрып тұр, жаңбыр жауып тұр сөздерін айтқызу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br><br>Бұтақтардан қора құрастыруды үйрету.<br>**(Құрастыру)** | Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес құрастыру әрекетін дамыту.<br>**(Құрастыру)**<br><br>Қимылды ойын: «Торғайлар»<br><br>Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру<br>**Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Кітаптарды қарап, суреттерде таныған бейнесін atatу.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Ағаштың дініn жасауды үйрету. Алақан арасында есуді үйрету.<br>**(мүсіндеу)** | сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру**.**<br>Бауырсақ мүсінін жасату.<br>**(мүсіндеу)**<br>Жапсыруға қызығушылықты ояту.<br>Фланелеграфқа бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін жапсырту.<br>**(Жапсыру)**<br>Қаламмен бауырсақ салуды үйрету. | Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>Өлшеміне қарай біркелкі ойыншықтарды топтастыруды үйрету<br>**(сенсорика)**<br><br>Шармен көңілді би | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. **(сенсорика)**<br>Көңіл күйді көтеру үшін түрлі түсті шарлар жасату.<br>сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру**.**<br>**(мүсіндеу)**<br>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстады үйрету. Шарлардың суретін салдырту. | Сурет салуда қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде қаламды жеңіл жүргізумен салуды үйрету.<br>Шарларды салдырту.<br><br>**(Сурет салу)**<br><br>Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**(Мүсіндеу)**<br>Қағаз қасиеттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(Сурет салу)** | ұйымдастыру, ән айтқызу. **(музыка)** | **(Сурет салу)** | туралы түсініктерін қалыптастыру **(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Құрылыс материалдарынанжәне ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету. | Дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратабілулерін дамыту. | Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету. | Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату. | Аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Түсіне қарай ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды дамыту **(сенсорика)**<br><br>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды үйлестіру арқылы бере білуді үйрету. **(сурет салу)** | Көңілді муызка қою. «Бауырсақ» әнін айтқызу. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуді үйретуді жалғастыру **(музыка)** | Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау. **(Құрастыру)** дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды жетілдіру. Құмда сурет салдырту. **(сурет салу)** | Доппен ойындар.<br><br>Фланелеграфқа топтағы доптармен түстес шарларды жапсырту. **(жапсыру)** | Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады» Әр түрлі түсті және пішінді ойыншықтармен ойындар ойнату. Алу салу, ашу жабуға арналған ойын құралдарын пайдалануды дамыту. **(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналарға балалардың тазалығы туралы пікірлесіп балаларды үйлеріне қайтару. | Әр баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың дамуы туралы ерекшелігі туралы әңгіме | Медбике кеңесі | Демалыс күнге балалармен жасауға болатын жұмыстар туралы кеңестер айту |

Тексерілді: Айф Адылбекова. А.
Тамақтану барысында көркем сөз қолдану.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (04.11-08.11 .2024 жыл) 1-апта
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 04.11.2024** | **Сейсенбі 05.11.2024** | **Сәрсенбі 06.11.2024** | **Бейсенбі 07.11.2024** | **Жұма 08.11.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілднрімен әңгімелесу әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зиятткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, қарату.<br>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Сөрелерге ойыншықтарды жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td colspan="3">№ 1 Желді бақылау.<br>Мақсаты: желдің бағытын қапалық арқылы анықтау.<br>Сұрақтар:<br>1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?<br>- үй мұржаларынан шыққан түтіннен<br>- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.<br>2. Қыста жел қандай болады?<br>Көркем сөз<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.<br>Қимылды ойын: «Әткеншек»<br>Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.<br>Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.Мақсаты: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру.<br>Жеке жұмыс: екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру.<br>Жорамал: қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса – күн желді болады.</td><td colspan="2">№ 2 Алаңдағы ағаштарды бақылау<br>Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Сұрақтар:<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?<br>4. Ордың айырмашылығы қандай?<br><br>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.<br>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»<br>Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу.<br>Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( дербес ойын әрекеті).</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйіне қайтуы</td><td colspan="5">Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру.<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру</td></tr>
</table>

Тексерілді: Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (13.01-17.01.2025 ж) 2-апта
**Аптаның дәйек сөзі:** «Тәртіп – тәрбие бастауы»
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сипаттау дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме<br>Баланың денсаулығы жайлы әңгіме<br>Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме<br>Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме<br>Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Тас қала ойыны.Бұл ойында асықтарды белгілі бір биіктікке қалап, алыстан атып түсіру қажет. Кім асықты көп құлатса, сол жеңеді.**Бір тұтас тәрбие** | Қимылдық ұлттық ойындар<br>Дене белсенділігін арттыру, ұлттық дәстүрлермен таныстыру.<br>Ақ сүйек": Балалар бөлмеде немесе аулада жасырылған сүйекті іздейді.**Ұлттық құндылықты дамыту, танымдық дағды** | Бір ыдыстағы қардың үстіне бөлме температурасындағы суды құйыңыз, ал екіншісін сол күйінде қалдырыңыз. Салыстыру үшін балаға қаратуға мүмкіндік беріңіз.**Нәтижені түсіндіру:** Екі ыдысты салыстырыңыз. Қардың су құйған ыдыста тезірек еріп кеткенін көрсетіп, былай түсіндіріңіз:"Қардың суға айналуы - бұл табиғи құбылыс. Ол жылулықтың әсерінен болады."**Экологиялық тәрбие** | Түстерді таны<br>Міндеті: Баланың түстерді ажырату қабілетін дамыту.<br>Ойын барысы: Түрлі-түсті ою-өрнектерді немесе заттарды көрсетіп, олардың түсін атауды сұраңыз. Мысалы: "Бұл қызыл ою. Бұл сары ою."<br>**Бір тұтас тәрбие** | Қ/ойыны пазл: **«**Үйшік құрастыр» логикалық ойлау қабілетін дамыту.**Танымдық дағдылар** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.<br>**Жаттығу №16**<br>**Ойын:** «Маған қарай жүріңдер» топпен бір бағытта жүру.<br>Шашыла жүгіру-торғай сияқты ұшамыз.<br>Шеңберге тұру- тәрбиеші көмегімен.<br>• **Б.қ:**Түзу тұру,аяқ иық бойымен.<br>**О:** Қолды артқа қою. Тәрбиешінің: «Біздің қолымыз қайда?» деген сөзінен кейін, балалар қолдарын «міне» деп алдыға созады. 4-5 рет.<br>• **Б.қ:** Түзу тұру, аяқ иық бойымен.<br>**О:**Қолды артқа қою, тәрбиешінің: «Біздің аяғымыз қайда?» деген сөзінен кейін, балалар аяқтарын «міне» деп көрсетеді. 4-5 рет<br>• **Б.қ:**Аяқ түзу, иық бойымен, қол белде.<br>**О:** Отырып-тұру. 6-8 рет<br>Аяқ ұшымен баяу жүгіру<br>Тәрбиешінің соңынан бөлме ішінде айналып жүру.<br>**Тыныс алу жаттығуы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бес саусақ» өлеңі<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы<br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br>Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Қандай тағам жегенді ұнататынын сұрау?», «Мен аспазбын»тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру;<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: белгі | **Денешынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тоқтап жүгіру,<br>Тұрған орнында қос аяқпен секіру.<br>Қимылды ойын: Поезд<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | | бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып секіру.<br>Қимылды ойын: Қуыр-қуыр қуырмаш.<br>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. биік емес төбеден сырғанау.<br>**Қазақ тілі**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу | белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.<br>Қимылды ойын: Қояндар |
| | Кітаптардан ұлттық тағамдардың суреттерін көрсету. Танып атай білулерін қалыптастыру. Соның ішінен қайсысын жеп көргенін сұрау. Әже қонаққа келеді. Өзімен құрт, май, бауырсақ, жент алып келеді. Балалар дәмін көріп атын атауды үйренеді.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Балалар екі орталыққа бөлінеді. Бірі әжемен | Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Түстерді көрсету, балалар сол түске сәйкес келетін ойыншықты тауып атау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған | Ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаздарға арналған қораптар қойып қою. Топтан осы қораптарға сәйкес келетін заттарды жинау.<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту,<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Ақ қағаздарды | Кітаптан балалардың сұраныстары бойынша ертегілер оқып беру.<br>Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, | «Бауырсақ» ертегісін естеріне түсіру. Бауырсақ туралы не білетіндерін сұрау.<br>Орталықтарға бөлініп бауырсақтың суретін салу, ермеказдан жасау.<br>**(көркем әдебиет, мүсіндеу, сурет салу)**<br><br>**Ұлттық құндылық: Тақырыбы:Кесе әшекейлеу**<br>Балаларға ұлттық ыдыстар туралы түсінік беру<br>**Біртұтас тәрбие** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрт жасаса, екінші орталықта тәрбиешімен жайылған қамырдан домалақ пішінді бауырсақтар ойып алады.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>Құрылыс домалақ дастарханға арналған үстел құрастыру<br>**(Құрастыру)** | фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**(математика негіздері)** | жыртып, табаққа салып қамыр (жайма) жасау, сары түсті қағаздардан бауырсақ жасау.<br>**(Жапсыру)** | ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету<br>**(математика негіздері)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>топта (терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Екінші таңғы ас** | Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Серуен** | **№ 3 Саябаққа саяхат.**<br>Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу.Балалардың сөз құрамында:қыс,қар, мұз, аяз,қар қырш-қырш еттеді,жалтырайды,жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.Балаларды табиғаттың қамқоршысы,жанашыры етіп тәрбиелеу.<br>Тапсырма: «Қыс кемпірдің бқзықтығы» атты тақырыпта шағын әнгііме құрастыру,қыстың жағымды,жағымсыз құбылыстары туралы.<br>Көркм сөз:<br>Ақ қар жауды,<br>Енді аппақ жер өңі<br>Қардаң таулар | | **№ 4 Күн көзін бақылау.**<br>**Мақсаты:** күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен ) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі.<br>Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды.<br>Күн қысқа әрі суық .Көлеңке ұзарды.<br>Көркем сөз:<br>Батар күннің атар таңы бар.<br>Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргіжу»<br>Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу.Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Аққала жасау.<br>Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әнгіме-салаттарды құрату. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Көлеңкесін көреді.<br>Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»<br>Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру.<br><br>Жеке жұмыс:жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру.<br>Кім бәрінен алысқа лақтырса-сол жеңімпаз.<br><br>Жұмбақтар:<br>Мәтел:<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Қыстағы қар,жаздағы жаңбыр-<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Жерге жауған нұр.<br>Аузы жоқ ұлиды.<br>(боран) | Жұмбақ;<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады. | Мақал:<br>Мезгіл жетсе,<br>Мұз да ерір. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Кием түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)** | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>**(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>***КАРТОТЕКА № 11***<br>Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) - «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты оңға –солға бұру. - «Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу. - «Күншуақты жаттығу» - арқада жатып. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алдымен қолды, содан соң аяқты жоғары –төмен көтереді. - «Күн көтеріледі» - іште жатып, қолдары шынтағынан бүгілген. Аяқты төсектен көтермей, түзу қолдарына көтерілу. - «Мен – үлкен күнмін» - төсек жанында тұрып. Қолдарын айналдырып көтеру, керілу, өкшеге тұру. | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | «Үш аю» ертегісін үстел үсті театры арқылы айтып беру. Шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>«Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату. Жеке карточкалармен **(математика негіздері)**<br><br>Ұжымдық мүсіндеу, аюдың дене бөліктерін жасап, біріктіру. **(Мүсіндеу)**<br><br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Аюды жапсыру. **(Жапсыру)** | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша тағамдардың суреттерін бояту, қамырды пайдаланып күлешелерді пішінді қалыптарға салып жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі тағамдарды ыдыстарына сәйкестендігіп жапсырту. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | **Зерттеу: Тақырыбы: Тақырыбы:** Сиқырлы тұз. **Мақсаты:** Балаларға тұздың пайдалы қазбаларға жататыны туралы мағұлматтар беру. Қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, білуге құштарлықтарын дамыту. Тәжірибе өткізу, ойлау, талқылау, дәлеледеу дағдыларын дамыту. Табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Қолданылатын құралдар:** тұз сауыты, су құйылған 2 стақан, қағаз майлықтар, ұлғайтқыш әйнек, тұз, әр балаға 2 | **Ұлттық құндылық Тақырыбы:Бауырсақ жасату** Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу Дастархан жасаймыз,балалар ермексаздан қағаздан әр түрлі тағамдар қояды. Қуыршақтарды қонаққа шақырып, күтеді. **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** **Біртұтас тәрбие** | Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Фланелеграфта еркін ойындар, құрастыру құралдарымен әртүрлі құрылымдар құрастыру. **(құрастыру, жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жұмыртқадан, банка, | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету | сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтқызу | оқиғаларды ойдан құрастырып, таныс шығармалардан үзінділерді сахналауға үйрету | сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолданып үйрету | таныс шығармаларды мазмұндау кезінде мәтін мазмұнына, кейіпкерлерге, олардың қылықтарына өзінің қатынасын эмоционалды түрде білдіріп үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **№12 Саябаққа саяхат.**<br>Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу.Балалардың сөз құрамында:қыс,қар, мұз, аяз,қар қырш-қырш еттеді,жалтырайды,жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.Балаларды табиғаттың қамқоршысы,жанашыры етіп тәрбиелеу.<br>Тапсырма: «Қыс кемпірдің бқзықтығы» атты тақырыпта шағын әнгііме құрастыру,қыстың жағымды,жағымсыз құбылыстары туралы.<br>Көркм сөз:<br>Ақ қар жауды,<br>Енді аппақ жер өңі<br>Қардаң таулар<br>Көленқесін көреді.<br>Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»<br>Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру.<br>Жеке жұмыс:жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру.<br>Кім бәрінен алысқа лақтырса-сол жеңімпаз.<br>Жұмбақтар: | | **№ 13 Күн көзін бақылау.**<br>**Мақсаты:** күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен ) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды.<br>Күн қысқа әрі суық .Көлеңке ұзарды.<br><br>Көркем сөз:<br>Батар күннің атар таңы бар.<br>Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргіжу»<br>Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу.Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.<br>Еңбек: Аққала жасау.<br>Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әнгіме-салаттарды құрату.<br><br>Жұмбақ;<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br><br>Мақал:<br>Мезгіл жетсе,<br>Мұз да ерір. | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Мәтел:<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Қыстағы қар,<br>жаздағы жаңбыр-<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Жерге жауған нұр.<br>Аузы жоқ ұлиды.<br>(боран) | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалармен жақсы көретін тағамдары туралы әңгімелесу.<br>Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну.<br>Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру. | |

**Әдіскер:**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (20.01-24.01.2025жыл) 3-апта
**Аптаның дәйек сөзі:** «Әділ заң – аспан тірегі»
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 20.01.25** | **Сейсенбі 21.01.25** | **Сәрсенбі 22.01.25** | **Бейсенбі 23.01.25** | **Жұма 24.01.25** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.<br>Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау<br>Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу<br>Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап».<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне ( қамқор, сезімтал және іскер) аудару.<br>Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балалармен жеке жұмыс.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын қалыптастыру | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>Терең дем алу. Жаттығу №18<br>Жүру: Бірінің артынан бірі жүру.<br>Шашыла жүгіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шеңберге тұру.<br>Б.қ: «Тауықтар су ішеді»<br>О: Басты төмен, жоғары көтеріп, қозғалыс жасау.. 3-4 рет.<br>Б.қ: «Қояндар» қояндарша тұру, аяқ бірге.<br>О: Қоян сияқты орнында тұрып секіру. 3-4 рет<br>Б.қ: Тік тұру, аяқ иық бойымен, қолдары белдерінде.<br>О: Оңға және солға иілу. 3-4 рет<br>Б.қ: Тұру, аяқ иық бойымен қол белде<br>О:Белді оңға және белді айналдыру.<br>Терең тыныс алу<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.<br>Гимн айтқызу | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. **(көркем әдебиет)**<br>«Қандай мамандық иелерін таниды?», «Ата аналары қандай мамандық иесі» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: жартылай отырып, бұрылып<br>жүру;<br>арқан бойымен жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (же**рге)** соғу;<br>бірінің артынан бірі сапқа тұру<br>Қимылды ойын:<br>«Допты дәлдеп лақтыр» соғу; | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: заттарды айналып жүру;<br>белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>туннель арқылы еңбектеу;<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру;<br>Қимылды ойын:<br>Құстардың ұшып келуі<br>Спорттық жаттығулар: | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: жартылай отырып, бұрылып заттарды айналып жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу; туннель арқылы еңбектеу; сапқа тұру.<br>Қимылды ойын: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бірінің артынан бірі сапқа тұру<br>Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр» **Музыка** (Маман жоспары мен) | | Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату;<br>**Қазақ тілі**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. | Сақина жасыру |
| | ші-ші-ші Ағам менің – әнші Әпкем менің – биші Көкем менің – күйші<br>Тіл ұстарту жаттығуын жасату, әнші биші күйшіні суреттер арқылы танысытыру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту **(сөйлеуді дамыту)**<br>**Біртұтас тәрбие** | Топқа медбике апай қонаққа келеді. Өзінің мамандығында пайдаланатын құралдарды көрсетеді. Олардан қорқудың қажеті жоқ екен айтады. Балаларға ойыншық құралдарды беріп дәрігер болып ойнауға ұсынады. Қуыршақтарды тыңдап, ыстығын өлшеп дәрі берген болып ойнау. тазалық сақтау ауырмаудың негізгі жолы екенін айтып, тазалық құралдарымен таныстырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | Қалпағы ақ қарасаң, Дәрігер емес ,бірақ та, Дәм мәзірін қаласаң, Алға ұсынып тұрады ол. (Аспаз)<br>Топқа аспаз апай қонаққа келеді. Балаларға тәтті күлше жасап бергісі келетінін айтады. Ол үшін пішіндерді бастырып қамырдан күлшелер жасау керектігін түсіндіреді. Балалар аспазшыға әнші балапан әнін орындап, менің | Терезеге қарап көліктерді бақылату. Осы көліктерді кім жүргізеді. Автобустарды ше? Жүргізуші деген кім? сендердің ата аналарың , жақындарың көлік жүргізе ала ма? **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Жүргізушінің құралы көлік екенін түсіндіру, дөңгелектері салынбаған көліктерді дөңгелек салып аяқтап, бояу. Ермексаздан машинаның рөлін жасау. **(сурет салу, мүсіндеу).** | Ілініп тұрған суреттерге қарап қандай мамандық иесі екенін танып атау. Үстел үстінде тұрған құрал саймандарды сәйкестіріп қасына қою. Ол мамандық иелері туралы не білгенін, бірлескен қандай іс әрекет жасағандарын естеріне түсіру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әнші балапан әнін теледидарға қарап айту. **(музыка)** | **танысу)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дәрігердің құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | анам дәрігер тақпағын айтып береді. Бірге кім жылдам ойынын ойнайды. Осы уақытта күлшелер пісіп жылы күйінде топқа келеді. Балалар аспазға алғысын айтып шығарып салады **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, музыка)** | | |
| **Екінші таңғы ас** | Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **№ 5 Бақылау: Боранды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын<br>құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.<br>Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды. (Боран).<br>Қимылдық ойын: «Байқап қал».<br>Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын».<br>Мақсаты: Айналаңдағы адамдарға ілтипатпен қарау. | | | **№ 6 Бақылау: Мұзды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен<br>көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br>Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу.<br>Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.<br>Жеке жұмыс: Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол.<br>Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық орындарда даурықпа! Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке баулу.<br>Еңбек: «Таза жолдар».<br>Мақсаты: Ауладағы жолды қардан тазалау.<br>Еңбекқорлыққа баулу. | Жаңа жыл,жаңа жыл,<br>Жаңа жылда-жаңа нұр.<br>Жасыл шырша жанында<br>Жадырап бар бала жүр.<br>Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді<br>қатесіз дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойын: «Тышқан мен мысық».<br>Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту. көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>КАРТОТЕКА №5<br>1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>С озылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз ( 2- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз<br>( 3- 4 рет)<br>2. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.<br>Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. ( 3- 4 рет)<br>3. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз ( 3- 4 рет)<br>Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу ( 4-5 рет) | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысын менгеру ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Әнші, биші, күйшінің суреттерін қарау, олардың құралдарымен ойындар ойнап, олар туралы ертегі ойлап айту.<br>Суреттер бояу, ермексаздан микрофон жасау, қағаз бетіне әр өнер иесіне тиесілі аспаптарын жапсыру.<br>**(көркем әдебиет, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | **Менің мамам дәрігер**<br>Ә. Мұсаханов<br>Тіс ауырса, іш ауырса<br>Мамам дәрі береді.<br>Барлық ана, барлық бала,<br>Оны жақсы көреді.<br>Тақпағын таныту. Ауырып жатқан адамға жанашырлық танытуға тәрбиелеу<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**(Математика негіздері)** | «Жеті лақ» ертегісін естеріне түсіріп кітаптан суреттерін көрсетіп оқып беру. Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Шыққан түске сәйкес келетін шарларды салу.<br>**(сурет салу)** | **Ұлттық құндылық**<br>Ойындар ойнату:Асық ату,Арқан тарту<br>**Ұлттық құндылық**<br>**Тақырыбы:**Торсық<br>Балаларға торсықты әшекейлету<br>Біртұтас тәрбие | Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>Фланелеграфта сүйікті мамандық иесінің құралдарын таңдап жапсыру.<br>Ойыншықтарының суретін бояу.<br>Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. **(құрастыру)** | | жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді айтуды үйрету. Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өз ойын айтуға үйрету. | Сапта жүруді үйрету Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау дағдысын дамыту. | Қағаздан симметриялық пішіндерді қия отырып, түрлі үйлесімдікте сюжетті суреттерді салуды машықтандыру. Доптарды бір-біріне домалатуды үйрету. | Қоры орташа дамыған.Сұраққа жауап беруге үйрету Қуыршаққа доп суретін салу, сазбалшықтан үлкен кіші доптарды жасау және қуыршақ қолындағы табаққа бауырсақтарды жапсырып, орналастыру дағдыларын қалыптастыру. | Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын арттыру. Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын (біреу-көп),ажыратуын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 14<br>Бақылау: Боранды бақылау.<br>Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын<br>құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.<br>Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды. (Боран).<br>Қимылдық ойын: «Байқап қал».<br>Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. | | Картотека № 15<br>Бақылау: Мұзды бақылау.<br>Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен<br>көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br>Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу.<br>Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы<br>тиянақты орындауларын қадағалау.<br>Жеке жұмыс: Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.<br>Жаңа жыл,жаңа жыл, | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын».<br>Мақсаты: Айналаңдағы адамдарға ілтипатпен қарау.<br>Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол.<br>Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық<br>орындарда даурықпа! Осы ережелерді сақтай отырып<br>балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке баулу.<br>Еңбек: «Таза жолдар».<br>Мақсаты: Ауладағы жолды қардан тазалау.<br>Еңбекқорлыққа  баулу. | Жаңа жылда-жаңа нұр.<br>Жасыл шырша жанында<br>Жадырап бар  бала жүр.<br>Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойын: «Тышқан мен мысық».<br>Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұрғызуға дағдыландыру.Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып,киюін қалыптастыру.Жұмбақтар шешу,өлеңдер,әндер,жаңылтпаштар,санамақтар және тағы басқалар жаттау**.(көркем әдебиет,дербес ойын әрекеті)** | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Баласының  қысқы ойындар  туралы не білетінін  сұрау.<br>Қыс мезгілі  бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну | |

Тексерілді: Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (27.01-31.01.2025 жыл) 4-апта
**Аптаның дәйек сөзі:** «Тәртіпсіз ел болмайды»
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова , А.Қ.Қондыбаева

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.<br>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br>Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау.<br>Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.<br>Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,**күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, тазалығы дәне денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау<br>Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу<br>Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй жануарларын тап», «Шыршаны сәнде»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау,<br>Құрастыру материалдарымен ойындары.<br>Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.<br>**Жаттығу №17**<br>Топпен тәрбиешінің соңынан жүру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Құстар ұшады» - жеңіл жүгіріс.<br>Шеңберге тәрбиеші көмегімен тұру.<br>Б.қ:Аяқ иық бойымен.<br>О: «Құстар ұшады» қолдарымен құс тәрізді ұшу. 4-5 рет.<br>Б.қ:Аяқ иық бойымен.<br>О: «Буратино» керілді. Қолды кезек-кезек созу. 4-5 рет<br>Б.қ: Түзу тұрып, аяқты иық бойымен қою, қолды арқаның артына тығу.<br>О: «Құстар су ішіп жатыр» ейкейіп, тізені саусақпен тоқылдату. 4-5 рет<br>Түзу тұрып, аяқты бірге ұстау<br>О: «Құстар секіреді», «құстар ұшады». 4-5 рет<br>Гимн айтқызу | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық.<br>«Көліктер» туралы не білетіндерін сұрау. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап,<br>заттарды айналып жүру;<br>тұрған бір орнында қос аяқпен секіру.<br>шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br>Қимылды ойын:<br>Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р<br>**Музыка** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу;<br>бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру.<br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жүру;<br>белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру;<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру,<br>шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (маман жоспарымен) | | биік емес төбеден сырғанау.<br>**Қазақ тілі**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт). | Қимылды ойын: Поезд |
| | Балалар бүгін сендер балабақшаға немен келдіңдер. Мына суретте не бейнелеген. Балалар бір бөлігі ғана көрініп тұрған суреттен не зат екенін табу керек. Машина, автобус туралы не білетіндерін сұрау. Өткен аптада жүргізушімен танысқанын, қандай ойындар ойнағандарын естеріне | **Ұшқыш**<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған,<br>Ерен жүйрік мен болам.<br>Ұшқыш деген кім? ол қандай көлікті бағындырады.<br>Ұшақтың қандай түрлері болады? Олардың түстері қандай? Қалай ұшады, көрсетіп, ойнау.<br>Сендер ұшақта ұшып көрдіңдер ме? Қима суреттерді құрастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | Қонаққа есікті тақылдатып тасша бала келеді. Балалармен сәлемдесіп, зерігіп кеткен соң достар тауып ойнауға келгенін айтады. Балалар ойнауға келіседі. Өздерінің жақсы көретін ойынын ойнату. Бір кезде тасша бала қалтасынан қағаз тауып алады. Балалар мен сендерге бір зат жасап көрсетейін деп кеме жасап береді. Балалар не зат екені табады. Бірге барлығы бірнеше кеме жасайды. Содан соң оны суға жүздіртіп көрейік деп арнайы ыдысқа құйылған суға жүздіртеді. Содан соң тасша бала үйіне | Камаздың гүрілдеген дауысы естіледі. Балалар бұл ненің дауысы екенін тапқанда экраннан суреті шығады. Жүк көліктерінің суреттерін қарау, оларды салыстыру, сипаттау, топтағы жүк көліктермен әр түрлі заттарды тасу.<br>**(көркем әдебиет, математика негіздері)**<br><br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету<br>Құрастыру | Балаларға автобус макетін көрсетіп оған мініп саяхатқа шығамыз деп автобустағы орындықтарға отырғызу. Балалардан артында, алдында, сол жақта, оң жақта кім отыр деп сұрау. Содан соң көлік жүрді деп балаларға алға қараңдар дейді. Алдында ауыл көрінеді біз сол жерге барамыз дейді.Содан соң ауылға келген соң автобустан түсіп жан жағымызға қараймыз біздің оң жағымызда үйлер орналасқа, сол жағымызда үй |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіру. Орындықтарды қатарластырып қойып автобустағыдай әрекеттер жасап ойнау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | қайтуы керектігін айтып достарымен қоштасып үйіне қайтады. Балалар серуенге жиналады **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | материалдарынан жүк көлігін құрастыру **(құрастыру)** | жануарлары күшік пен мысық тұр екен дейді. Балаларға көздерін жұмдырып күшікпен мысық жасырынады деп, оларды жасырып қояды. Балалар дөңгелене отырады. «Пішіндерді ата» дидактикалық ойынын ұйымдастыру**.** Қоржыннан пішіндерді шығарып бұл қандай зат оның пішіні неге ұқсайды деп сұрау : орамал – үшбұрыш, шаршы, күн дөңгелек, терезе шаршы, кілемше – тік төртбұрыш. Содан соң қайта автобусқа мініп топқа оралады. **(көркем әдебиет, математика негіздері)** |
| **Екінші таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | |
| **Серуен** | **Картотека № 15**<br>**Бақылау: Бұлтты бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар<br>жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы<br>Тіреусіз тұрады.(Бұлт).<br>**Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.<br>Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін<br>айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын: «Мені қуып жет».**<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету.<br>Денені ширату арқылы денсаулықты<br>нығайту. | **Картотека № 16**<br>**Бақылау: Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы<br>оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю.<br>Мақсаты:Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын,<br>су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.<br>Жеке жұмыс: Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай».<br>Қысқы аязға қарамай,<br>Көгеріп тұр қарағай.<br>Сол секілді төзімді<br>Болсам деймін өзімді.<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту.<br>Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын: «Тасымалдау ойыны».**<br>Мақсаты: Топтасып, тату ойнауға шақыру.<br>Ептілікке баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту,көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі** | |

| | |
|---|---|
| | **қызмет ету, еңбек әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>**КАРТОТЕКА № 6**<br>1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз ( 2- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет)<br>Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз<br>( 3- 4 рет)<br>2. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.<br>Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. ( 3- 4 рет)<br>3. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз ( 3- 4 рет)<br>Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу ( 4-5 рет) |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Машина автобус бейнелеген суреттерді бояу.Жол белгилерімен таныстыру **(сурет салу)**<br><br>Балалардың таңдауы бойынша машина дөңгелегін ермексаздан жасату.Фланелеграфқа автобусқа жолаушыларды жапсырып, дұрыс орналастыру. **(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Құрастыру ойыншықтары мен еркін ойын, машина, автобус құрастырту. **(құрастыру)** | Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту. Ұшақты әр түрлі заттың қасына қойып қай жерде екенін атау, **(Математика негіздері)**<br><br>Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру.<br><br>Орталықтарға бөлініп ұшақтың бейнесін қанаттарын салып толықтырып бояу, ермексаздан ұшақ жасау(тәрбиешінің көмегіміен) қаағаздан ұшақ құрастырып оны ұшыру. | Кемелерге түрлі желкендер жапсыру немесе желкеннің суретін салып бояу. **(Жапсыру)**<br>Топтағы кеме ойыншықтарын салыстыру (үлкен, кіші) **(Математика негіздері)** | Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегі оқып беру. Баяғы заманда жүк көліктері болмаған кезде адамдар ат арбамен жүк тасығанын айту. суретін көрсету. Қазіргі замандағы арбалардың түрлерімен таныстыру. **(көркем әдебиет)**<br>Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстарды жасату. Жүк көлік немесе арбаның дөңгелегін салу, бояу. Фланелеграфта жүк көлігін құрастырып жапсыру. Ермексаздан жүк көлігімен арбаға арналған дөңгелектер жасау. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**<br><br>**Зерттеу:«Заттардың тартылуы»**<br>Магниттің кейбір заттарды өзіне тарту қасиетін түсіндір | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың таңдауы бойынша көліктердің суретін бояу, дайын көлік пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Көліктерді құрастыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. **(құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша | құрылыс материалдарының бөліктерін біледі және атайды,оларды | Топтагы балаларга туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы үйрету | теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;<br>-биіктігі, ұзындығы, ені бойынша | табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруды үйрету | түрлі тәсілдермен орналастыруға үйрету | | құрылыстарды өзгертіп көрсету | байланыстар орната алуға қалыптастыру |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 15<br>Бақылау: Бұлтты бақылау.<br>Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар<br>жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы<br>Тіреусіз тұрады.(Бұлт).<br>Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.<br>Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін<br>айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра<br>отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Қимылдық ойын: «Мені қуып жет».<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету.<br>Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту. | | Картотека № 16<br>Бақылау: Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.<br>Мақсаты: Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы<br>оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.<br>Еңбек: Ағаштардың түбіне қар үю.<br>Мақсаты:Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын,<br>су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.<br>Жеке жұмыс: Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай».<br>Қысқы аязға қарамай,<br>Көгеріп тұр қарағай.<br>Сол секілді төзімді<br>Болсам деймін өзімді.<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту.<br>Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Қимылдық ойын: «Тасымалдау ойыны».<br>Мақсаты: Топтасып, тату ойнауға шақыру.<br>Ептілікке баулу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер | | | | |

| | |
|---|---|
| | жаңылтпаштар, санамақтар  және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы  тақырыбында кеңестер беру<br>Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру. Көлік түрлерін бақылауды ұсыну. |

Тексерілді: Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі: 03.02.25 - 07.02.25ж 1 апта**
**Апта дәйексөзі:** «Шығармашыл бала – ойлы бала»
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова, А.Қ.Қондыбаева

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 03.02.2025 | Сейсенбі 04.02.2025 | Сәрсенбі 05.02.2025 | Бейсенбі 06.02.2025 | Жұма 07.02.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Жайдары көңіл-күймен балаларды қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыру **(сөйлеуді дамыту)** Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** **Қ.Р.гимні айту** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру<br>Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.<br>«Дұрыс тамақтануға баулу» | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Шеңбер» Шеңберде тұрып асықтарды дәлдеп ату дағдыларын дамыту, көз координацияларын дамыту.Жерге шеңбер сызылады, оның ішіне асықтар қойылады. Ойыншылар шеңбер сыртынан асықтарды атады, шеңберден шыққан асықтар ойыншының еншісіне түседі. Шеңберден шықпай қалған асықтар қайта орнына қойылады.**Бір тұтас тәрбие** | «Қол күрес» ойыны Балалардың қол бұлшықеттерін нығайту.Белгі берілгеннен кейін (мысалы, төрешінің “Бастаңдар!” деген сөзімен) ойыншылар қолдарын қарсы бағытта итере бастайды. Ойыншы қарсыластың қолын үстелге тигізгенде жеңімпаз атанады. **Бір тұтас тәрбие** | Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мазайка және т.б **Шығармашылық дағдылар.** Қайық» Тілді жалпақ етіп, ауызда «қайық» сияқты ұстайды. Сосын тілді жиырып, жіңішке қылып қайта шығарады. **Қазақ тілі** | Артикуляциялық жаттығулар: «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. «Тауық» Бала тілімен таңдайын соғып, «қыт-қыт-қыт» дыбысын айтады. Бұл жаттығу тілдің жоғарғы бөлігін белсендіреді. **Қазақ тілі** | “Қоқысты дұрыс жина”Балаларға қоқысты сұрыптау дағдыларын үйрету. Экологиялық тәрбие беру.<br><br>Қағаз қоқыстар, пластик бөтелкелер, ойыншық қалбырлар.Үш себет (қағаз, пластик, металл деп белгіленген). Балаларға қоқыстың дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сұрыпталуының маңызын қысқаша түсіндіріңіз.<br>Қоқыстарды жерге шашып қойыңыз.<br>Әр бала кезек-кезек қоқыстарды тиісті себетке салады.<br>**Экологиялық тәрбие** |
| **Ертеігілік жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату<br>(**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>**Жаттығу №10**<br>• **Колоннаға тұру, тәрбиешінің «тук-тук» деген белгісіне саусақты-саусаққа соғу. 3-4 рет**<br>Шашыла жүгіру.<br>Шеңберге тұру, қолға лента алу.<br>• **Б.қ:**Аяқ иық бойымен.<br>**О:**. Қолды алдыға-артқа тербету. 3-4 рет.<br>• **Б.қ:** Аяқ иық бойымен.<br>**О:** Оңға - солға лентамен бұрылу. 3-4 рет<br>• **Б.қ:** Алдыға қарай еңкею.<br>**О:** Лентамен бұлғау. 3-4 рет<br>• **Б.қ:** Арқада жату<br>**О:** Аяқты кеудеге қарай бүгіп, тізені саусақпен соғып «Тук-тук» деп айту 3-4 рет | | | | |
| **Таңғы ас** | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер.<br>Ау, балалар, балалар!<br>Айналаға қараңдар!<br>Биыл тәтті қыс болды, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл бір сәтті іс болды.<br>Ақ бұлт бүркеп аспанды,<br>Шекер жауа бастады.<br>Бұл қыс қандай тамаша!<br>*Ә. Табылды* тақпағы арқылы қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін еске алу. Терезеге қарап ауа райын бақылату. «Қыс мезгілінде қандай айлар бартуралы не біледі?» «Қыста қандай мереке болды?» тақырыбында балалармен әңгімелесу.<br>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. Б.<br>Жағдайларды жасату **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап, жартылай отырып жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен – еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау.<br>Биік емес төбеден сырғанау<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап, жартылай отырып жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу;<br>Қимылды ойын:<br>Сақина жасыру<br><br>**Қазақ тілі**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап, жартылай отырып жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен – еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. Биік емес төбеден сырғанау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға беймдеу | |
| | **"Мағыналы оюлар"** Пазлдағы ою өрнектер 3-4 бөлшектерден тұрады. Оюлардың бөлшектерін бір-біріне сәйкестендіру арқылы ата-бабамыздан келе жатқан оюлы текемет,сырмақ төсеніштерін құрастырамыз. **Мақсаты:** Ойын барысында баланың логикасын, ойлау қабілетін дамыта отырып ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіру. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **(Сурет салу)** | Баллар таңдаған шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Суреттерін көрсетусипаттау.. **(Сөйлеуді дамыту)**<br><br>Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, мүсіндету **(Мүсіндеу)** **«Ұлттық құндылық - ел қазынасы»** **Мақсаты:** Болашақ қазақ халқының ұрпақтарына еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру.Бала тәрбиесі дәстүрлерінің өзекті негіздері: тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, рухани-мәдениетке тәрбелей отыра күнделікті өмірде қолдануға баулу. | Геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру және бөлме ішінен шаршыға ұқсас заттарды табу **(Математика негіздері)**<br><br>**«Оюдың көлеңкесін тап»** **Мақсаты:**Балаларға ұлттық құндылықтарымызды таныстыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Дайын оюларды көлеңкесін тауып,орналастыру.Ою түрлерімен таныстырып, ептілікке баулу. **(Құрастыру)** | Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, немесе жемістердің, атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. «Ғажайып сандықты» қолдану арқылы **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды қолдану арқылы өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру **(Құрастыру)** | Қалауы бойынша мультфилім көру ондағы кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мүсіндеуге қызығушылығын дамыту. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен азық түліктерді жасату **(Мүсіндеу)** |

<table>
<tr><td>Екінші таңғы ас</td><td colspan="2">Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="2">Балалардың дербес қимыл белсенділігін арттыру үшін , спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың сырт киімдерінің реттілігіне зейін аударып, бақылауға үйрету;<br>Балалардың ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>№ 1 Ауыл көшелерін бақылау<br>Мақсаты: тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру.<br>Сұрақтар:<br>Көшедегі үйлер қандай?<br>Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме?<br>Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек?<br><br>Көркем сөз:<br>Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты,<br>Жақсы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан.<br>Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа.<br>Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» ойыны.<br>Мақсаты: тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру.<br>Еңбек: балабақшаның маңын қардан</td><td>№ 2 Өзен, көл, су тоғандарына саяхат<br>Мақсаты: Балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен, қалпымен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру?<br>Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.<br>Сұрақтар:<br>1. Өзендегі суға не болды?<br>2. Су неге қатты?<br>3. Өзеннен нені көруге болады?<br>4. Қай кезде мұздың үстімен жүріп, коньки тебуге болады?<br>Көркем сөз:<br>Тез қарасын батырды,<br>Қар жаңбырлы сиқыр бұлт.<br>Жел көк мұзды қатырды,<br>Жердің бетін типыл ғып.<br>Балалардың берген жауабын қорытындылау: Мұздың жұқа кезінде оның үстімен жүгіруге, коньки тебуге болмайтынын балаларға айту.<br>Қимылды ойын: «Шортан мен табан балықтар»<br>Мақсаты: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: денеңді тепе тең ұстап, мұз үстімен сырғанай білу.<br>Жұмбақтар<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | тазарту.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанай білу.<br>Жұмбақтар:<br>Менің үш көзім бар,<br>Бір көзім «кідір» дейді,<br>Бір көзім «жүгір» дейді,<br>Бір көзім «абайла» дейді,<br>«Қарап ал маңдайға!» - дейді<br>(Бағдаршам | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды жүру дағдыларын дамыту. Асықпай бір-бірін итермей жүруді пысықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін жетілдіру. **( дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеуді пысықтау.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>**(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату.<br>**(көркем әдебиет)** | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **КАРТОТЕКА № 15**<br>Жалпы жетілдіру жаттығуы: **1** . Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. **2** . Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. **3.** Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. **4.**Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. **5.** Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. Тәрбиеші: Балалар кәне шеңбер құрайық. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шынықтыру массаждары: **1** .«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ. **2.** Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. **3.** Ілгекті жолмен жүру.<br>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кеңістік бағыттарын (үстінде,астында, жанында)бағдарлау ды үйрету үшін «Зат (ойыншық) қайда тұр» ойынын үйрету.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату.<br>моншақтарды ермексаздан жасату<br>**(Мүсіндеу)**<br><br>Фланелеграфқа үстел үстіне ыдыс аяқтарды жапсырып орналастыру . | «Қар ханшайымы» ертегісін үстел үсті театыры құралдарымен сахналап көрсету<br>**(Көркем әдебиет)**<br><br>Жіпке тізілген әсем моншақтарды бояту<br>**(Сурет салу)** | Терезеден қар жамылған ағаштарды көрсету олардың алдында тұрған аққаланы көрсетіп ол туралы не білетіні айтқызу.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Балаларды екі топқа бөліп бірінші топтағыларға қар түйірлерін ермексаздан жасау екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп үлкен кіші аққалаларды жапсырады<br>**(мүсіндеу, жапсыру)** | Ұжымдық жұмыс.<br>Ыдыс аяқ түрлерін таңдап бояу немесе дайын ыдыс аяқтар бейнесін фланелеграфтағы сөреге орналастырып жапсыру<br>**(сурет салу, жапсыру)**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды( күндіз-түнде таңертең-кешке) үйрету үшін .<br>«Бұл қай кез» дидактикалық ойынды ұйымдастыру.<br>**(Математика негіздері)** | Үй жануарларын көлемдеріне қарай фланелеграфта дайындалған үйшіктерге орналастырып жапсыру<br>**(Жапсыру)**<br><br>Үйшіктерге апаратын жолдарды еден үстінде құрастыру.<br>**(Құрастыру)**<br><br>«Өсімдіктер қалай су ішеді? Немесе қырыққабатпен тәжірибе жасау.»<br>Өсімдіктер туралы әңгімелей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | отырып,айналадағы дүниені танып білуге қызығушылығын дамыту; Табиғатты қорғауға,сүюге, табиғатқа жанашырлықпен карауға тәрбиелеу. 3 стакан, су, қырыққабат, краситель. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелеп үйрету | сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытуға дағдыландыру | бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларын үйрету | әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп үйрету. | көкөністер-жемістердің, ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттерін салғызуға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **№ 1 Ауыл көшелерін бақылау**<br>**Мақсаты:** тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру.<br>Сұрақтар:<br>Көшедегі үйлер қандай?<br>Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме?<br>Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек? | | **№ 2 Өзен, көл, су тоғандарына саяхат**<br>**Мақсаты:** Балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен, қалпымен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру?<br>Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.<br>Сұрақтар:<br>1. Өзендегі суға не болды?<br>2. Су неге қатты? | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Көркем сөз:<br>Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты,<br>Жақсы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан.<br>Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа.<br>Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» ойыны.<br>Мақсаты: тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру.<br>Еңбек: балабақшаның маңын қардан тазарту.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанай білу.<br><br>Жұмбақтар:<br><br>Менің үш көзім бар,<br>Бір көзім «кідір» дейді,<br>Бір көзім «жүгір» дейді,<br>Бір көзім «абайла» дейді,<br>«Қарап ал маңдайға!» - дейді<br>(Бағдаршам | 3. Өзеннен нені көруге болады?<br>4. Қай кезде мұздың үстімен жүріп, коньки тебуге болады?<br>Көркем сөз:<br>Тез қарасын батырды,<br>Қар жаңбырлы сиқыр бұлт.<br>Жел көк мұзды қатырды,<br>Жердің бетін типыл ғып.<br>Балалардың берген жауабын қорытындылау: Мұздың жұқа кезінде оның үстімен жүгіруге, коньки тебуге болмайтынын балаларға айту.<br>Қимылды ойын: «Шортан мен табан балықтар»<br>Мақсаты: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: денеңді тепе тең ұстап, мұз үстімен сырғанай білу.<br>Жұмбақтар<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз) |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну.<br>Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру.<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | |

Тексерілді: [signature] Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан »ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі: 10.02.-14.02.25 ж 2 апта**
**Апта дәйексөзі:**«Өнерлі бала өрге жүзер»
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова, А.Қ.Қондыбаева

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 10.02.2025 | Сейсенбі 11.02.2025 | Сәрсенбі 12.02.2025 | Бейсенбі 13.02.2025 | Жұма 14.02.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Жайдары көңіл-күймен балаларды қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыру **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.<br>Күй қосу,**күй күмбірі**<br>**Қ.Р.гимні айту** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.<br>Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.<br>Ата –аналармен әңгіме:балабақшада өзін өзі ұстау ережелерін үйде үйрету<br>Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру<br>Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын « | Үстел үсті ойыны: «Қуыршақты киіндір» киімдерді жыл мезгіліне сай таңдай білу.<br>**Әлеуметтік дағдылар** | Құрылыс ойындары: «Менің саябағым» Құрылыс материалдарынан серуендейтін саябағын құрастыра білу.<br>**Шығармашылық** | «Біз шынығамыз»<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз<br>Міне, біздер қандаймыз !<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Саусақ ойыны «Жаттығамыз»<br>Қуыр,қуыр, қуырмаш<br>Балапанға бидай шаш<br>Қуыр,қуыр,қуырмаш<br>Әжең келсе есік аш.<br>**Қазақ тілі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | Жұбын тап», «Бұл кімнің дауысы?»<br>Өнер орталығында сурет салу, кітаптарды қарау,суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру,<br>Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, күтім жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балармен жеке жұмыс.** | | **дағдылар** | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.<br>**Жаттығу №11**<br>• **Бірінің артынан бірі жүріп, калоннаға тұру. Бағдаршамның қызыл түсін тәрбиеші көрсеткенде тоқтау.** Шашыла жүгіру.<br>• **Б.қ:**Аяқ иық бойымен.<br>**О:**. Қолды шынтақта бүгу. Алдыға – артқа «пойыз» тәрізді жүру. 3-4 рет.<br>• **Б.қ:** Еденге отырып, аяқты айқастыру.<br>**О:** Рельсті жөндейміз. Оңға - солға бұрылып, еденді «тук-тук» деп соғамыз. 3-4 рет<br>• **Б.қ:** Аяқ иық бойымен .<br>**О:** **«**Дөңгелектерді тексерейік» еңкейіп, тізеден саусақпен соғу. 3-4 рет<br>• «Қояндар» секіреді. Екі аяқпен орында тұрып секіру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бала бала балақан» видео<br>Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. Төрт түліктің суреттер3н тамашалап,атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>бұрылып, заттарды айналып жүру;<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру,<br>Тұрған орнында қос аяқпен секіру.<br>Қимылды ойын: Поезд<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>бұрылып, заттарды айналып жүру<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Қуыр-қуыр қуырмаш.<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. биік емес төбеденсырғанау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. | **Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>бұрылып, заттарды айналып жүру<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Құстардың ұшып келуі |
| | Балалар таңдаған ертегіні құыршақ | «Не дәмді?» ертегісі айтып берумен | «Қысқы киімдер» кітаптардан суреттер | «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Ертегіні | Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | театыры арқылы сахналату.Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеуін, жетілдіру **(сөйлеуді дамыту)** Көк, ақ негізгі түстер ді қолданып ұшып жатқан қар ұлпаларын салуды үйрету. **(Сурет салу)** Таңдаған үй жануарына құрылыс материалдарынан өз бетінше үйшік құрастыру дағдысын жетілдіру **(Құрастыру)** | сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту | қарату әңгімелесу.. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Фланелеграф тақтасына әсем көлектерге оюлар жапсырып сәндеу **(Жапсыру)** | тыңдағаннан соң кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйрету **(математика негіздері)** | ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету **мүсіндеу** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенде ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта (терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | **№ 19 Қардың қасиетін бақылау** Мақсаты: Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: | | **№ 20 Құстарды бақылау** **Мақсаты:** қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтау. Олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтау. | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Аққала<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br><br>Қимылды ойын: «ұстап ал»<br>Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>Еңбек: қарды күреу.<br>Жеке жұмыс: қарды жұмырлап, қатты қысу.<br>Жұмбақтар:<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br>Мақал:<br>Сыртта «тау» болып жатса,<br>Үйде су болып тұрады.<br>Далада қар болса,<br>Қамбада астық болады. | Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз:<br>Мың торғай қамаса қораға,<br>Бір торғай тұрмайды...<br>Бір торғай тұрмайтын қораға<br>Мың торғай тұрмайды.<br>Қимылды ойындар: «Ұядағы құстар» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)<br>Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті** | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін  және т.б  ертегілерді  оқып беру (көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау  жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. (мәдени-гигиеналық  дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті</td><td>«Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату.<br>(математика негіздері)<br>Нан түрлерінің мүсінін жасату.<br>(Мүсіндеу)<br>Сырғанақ үстіне шананы жапсыруды үйрету<br>(Жапсыру)</td><td>Балаларды қалауы бойынша (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру) әрекеттерін өз бетінше орындауға жұмылдыру</td><td>Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі жиһаздарды  жасауды үйрету<br>(Құрастыру)<br><br>Ермексаздан себеттер жасату. Көкөністердің суретін бояту.<br>(Сурет салу)<br>(Мүсіндеу)</td><td>Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу ермексаздан асхана ыдысын жасату<br>Анаға силайтын орамал тақырыбында оюларды фланелеграфта жапсырту<br>(Мүсіндеу)<br>(Жапсыру)</td><td>Балаларды қалауы бойынша (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру) әрекеттерін өз бетінше орындауға жұмылдыру</td></tr>
<tr><td>Балалармен жеке жұмыс</td><td>Адамның пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндеуге үйрету;<br>-қайшыны дұрыс ұстауға және</td><td>Заттар мен жануарлардың пішінін бейнелеп үйрету;<br>-халықтық бұйымдардың</td><td>Бейнелеу өнерінің түрлері: көркем сурет, мүсіндеу, халық өнері туралы түсініктер беру</td><td>Таныс емес музыкамен оның негізгі көңіл-күйін бере отырып, қимылдарды; әндерді, билерді сахналау</td><td>Төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелей алады.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдалануға үйрету | желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын игерту | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **№ 19 Қардың қасиетін бақылау**<br>Мақсаты қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>Көркем сөз:<br>Аққала<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>Қимылды ойын: «ұстап ал»<br>Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>Еңбек: қарды күреу.<br>Жеке жұмыс: қарды жұмырлап, қатты қысу.<br>Жұмбақтар:<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br>Мақал:<br>Сыртта «тау» болып жатса,<br>Үйде су болып тұрады.<br>Далада қар болса,<br>Қамбада астық болады. | | | **№ 20 Құстарды бақылау**<br>Мақсаты: қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтау. Олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтау. Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз:<br>Мың торғай қамаса қораға,<br>Бір торғай тұрмайды...<br>Бір торғай тұрмайтын қораға<br>Мың торғай тұрмайды.<br>Қимылды ойындар: «Ұядағы құстар» | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру. «Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме. |

Тексерілді: Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі: 17.02.-21.02.25 жыл 3 апта**
**Апта дәйексөзі:** «Жаңашылдық – заман талабы»
**Тәрбиешілер:** Ш.Т.Рустемова, А.Қ.Қондыбаева

| Күн тәртібінің үлгісі | **Дүйсенбі 17.02.2025** | **Сейсенбі 18.02.2025** | **Сәрсенбі 19.02.2025** | **Бейсенбі 20.02.2025** | **Жұма 21.02.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).**<br>Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі**<br>**Қ.Р.гимні айту** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.<br>Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.<br>Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»<br>Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру<br>Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты | «Қанша зат бар?»<br>Санау қабілетін дамыту.<br>Қалай ойнау керек:<br>1. Үстелге ойыншықтар немесе кез келген заттарды қойыңыз (мысалы, 3 доп немесе 4 машинка).<br>2. Баладан заттарды | Сәлемдесу шеңбері<br>Өзгелермен амандасу және қарапайым қарым-қатынас орнатуды үйрету.<br>1. Балалар дөңгеленіп отырады.<br>2. Әр бала кезекпен бір-бірімен | «Ұзын-қысқа»<br>Ұзындықты салыстыруды үйрету.<br>1. Әртүрлі ұзындықтағы жіптер немесе таяқшалар дайындаңыз.<br>2. Баладан қайсысы ұзын, қайсысы қысқа | Дидактикалық ойын: «Жануарлар қалай дыбыстайды»<br>Жануарлардың дыбыстарын сала білу.<br>**Коммуникативтік дағдылар**<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап» Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Дидактикалық ойын «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу. **Коммуникативтік дағдылар** | санап беруді сұраңыз. 3. «Мұнда неше доп бар екен?» деген сұрақтар қойыңыз.**Танымдық дағдылар** | сәлемдеседі (қол бұлғау, күлімдеу, «Сәлем!» деп айту). 3. Ойын барысында: «Досыңмен қалай амандасасың?» деп қызығушылық тудырыңыз.**Коммуникативтік дағдылар** | екенін айтуын сұраңыз. 3. «Ұзын таяқшаны көрсетші», «Қысқа жіпті тауып берші» деп сұраңыз.**математика негіздері** | **Балармен жеке жұмыс.** Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Жаттығу №12**<br>• Бірінің артынан бірі жүру. 3-4 рет<br>«Құстар» белгісіне шашыла жүгіру.<br>Шеңберге тәрбиеші көмегімен тұру.<br>• Б.қ:Аяқ иық бойымен, қол дене тұсында.<br>О: «Ұшып кеттік» белгісіне балалар қолдарын көтеріп, түсіреді. 3-4 рет.<br>• Б.қ: Аяқ иық бойымен.<br>О:Алдыға иілу, тізені бүгіп, саусақпен еденді ұстап, «клю-клю» деу. 3-4 рет<br>• Б.қ: Арқада жату.<br>О: Аяқ қолды еркін қозғалту. 3-4 рет<br>• Б.қ: Аяқ иық бойымен<br>О: «Торғайлар» секіріп, ұшады. 3-4 рет | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. **(көркем әдебиет)**<br>«Қысқы ойындар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: жартылай отырып, бұрылып жүру;<br>арқан бойымен жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу;<br>бірінің артынан бірі сапқа тұру<br>Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»<br><br>**Музыка**<br>Маман жоспарымен | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: заттарды айналып жүру;<br>белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>туннельарқылы еңбектеу;<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру;<br>Қимылды ойын: Құстардың ұшып келуі<br>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау.<br>Шанамен бір-бірін сырғанату;<br>**Қазақ тілі**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: жартылай отырып, бұрылып заттарды айналып жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу;<br>туннельарқылы еңбектеу;<br>сапқа тұру.<br>Қимылды ойын: Сақина жасыру |
| | | Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін | Балалардың қалауы бойынша қысқы табиғат көріністерін кітаптардан қарап<br>Ересектердің басқаруымен қысқы көріністерді кітаптардан | «Өзара айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны арқылы<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын | «Ғажайып қоржын» ішінен алған заттың атын атау топ ішінен сыңарын табы. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ойын құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту.<br>**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**</td><td>қарап таңдағанының<br>**(суретін салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>жұмыстарын орындату<br><br>Отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету және әрекеттерін сахналауға баулу<br>**(сөйлеуді дамыту)**</td><td>нақтылау және бекіту<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Үй жануарларына (қой, ешкі, сиыр) күтім жасау тамақтандыру, су беру сипып аялау негізінде олар жейтін көрек түрінің<br>**суретін бояу (сәбіз, көкорам) және мүсіндеу**</td><td>ықпал ету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**</td></tr>
<tr><td>**Екінші таңғы ас**</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.</td></tr>
<tr><td>**Серуенге дайындық**</td><td colspan="5">Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.</td></tr>
<tr><td>**Серуен**</td><td colspan="2">**№21 Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты: ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну.<br>1. Сық па, жылы ма?<br>2. Күн желді ме, жоқ па?<br>3. Балалар қалай киінген?<br>4. Ауа райының жайы қалай анықталады?<br>5. Күн шуақты ма, әлде бұлыңғыр ма?<br>6. Қар жауып тұр ма?<br>7. Жуырда қар жауып, өттіме ме?<br>Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.<br>Тапсырма: бұлттың суретін салу.<br>Көркем сөз</td><td colspan="3">**№22 Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты: өткен күндердегі дей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау. Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу.<br>Тапсырма: «Ашық аспан» тақырыпта сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету.<br>Көркем сөз:<br>Бүрсең қағып жапырақтар,<br>Көше кезіп көшіп жатыр.<br>Тыныш қалған атыраптар,<br>Аппақ қарға тосып жатыр.<br>Қимылды ойындар: «Соқыр теке».<br>Мақсаты: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету,</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Далада қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастархан жапқандай,<br>Көз тоймайды қарасаң.<br><br>Қимылды ойын: «Арқан тарту!»<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру.<br>Еңбек: кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту.<br>Мақсаты: балаларды өздерінен кішілерге қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: алдағы тосқауылдан өтерде: жүгіру, еңбектеп жүгіруге, секіруге жаттықтыру. | ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттату.<br>Еңбек: қатқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру.<br>Мақсаты: алаңшада тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау...<br>Жеке жұмыс: «Кім алысқа лақтырады?». Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру.<br>Жорамалдар:<br>1. Қыс аязды болса – жаз ыстық болады.<br>2. Қыста қар мол болса – жазда жаңбыр мол болады.<br>3. Ағашқа қырау тұрса – күн жылы болады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)<br>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | |
| | Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта баклашкадан немесе картон қазағдардан құс құрастырткызу. **(құрастыру)**<br>Екінші орталықта геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдарынан құстың ұясын ұжымдасып құратқызу. Жеке балаларға да қағаз бетінде геометриялық фигуралардан | Ғажайып қорапшадан көздерін жұмып заттар алуды ұсыну. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру<br>**(математика негіздері)**<br><br>Аспанды, бұлтты және ағаштары бар суретті көрсетіп не жетпейтінін сұрау. Балалар қалауы бойынша дайын құстарды желімдеп жапсырады немесе карандарштармен құстарды салады.<br>**(жапсыру және сурет салу)** | Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару. Ондағы заттарды атату. Құс қанат оюын көрсетіп таныстыру. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Құс қанат оюын бояту. Бояуды пайдаланғанда ұқыптылыққа тәрбиелеу. **(сурет салу)** | Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруін ұйымдастыру<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Балаларды екі орталыққа бөлу.<br>Бір орталықта өздері таңдаған заттың суретін салғызу<br>**(сурет салу)**<br>Екінші орталықта геометриялық пішіндерді танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу. | Ересектермен бірге достық туралы ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу **(көркем әдебиет)**<br>Әр түрлі азық түлік заттардан жиын жасату, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұяшық құрастырғызу және жасағандарын әңгімелету. **(математика негіздері және сөйлеуді дамыту)**<br><br>Құстар әніне музыка қосып сергіту сәтін жасату. **(музыка)** | | | «Кім тапқыр» ойнынын ойнату. Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату. **(математика негіздері)** | |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру)**<br>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **К-ка15.Бақбақтың өсуін бақылау**<br>Бақылау<br>Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту.<br>Қимылды ойын<br>«Гүлдер»<br>Гүлдердін атауын пысықтау(ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу(бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде | | **К-ка 22. Жәндіктерді бақылау**<br>Бақылау<br>Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету.Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау,қорытынды жасау,байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау.<br>Қимылды ойын<br>**«Көбелектер, бақалар,көкқұтан»**<br>Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып | | |

| | | |
|---|---|---|
| | қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады);ойын тәртібін сақтау(жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады).<br>Еңбек іс-әрекеті<br>Гүлзарлардағы гүлдері бағып,күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту.(таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойындар.Тәжірибе және сараптама,<br>«Тұқымның саяхаты»<br>Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту. (тұқым-су,топырақ,жылы,сабақ,жапырақтар,гүл,гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады.)<br>Тәжірибе. Бақ-баққа «парашют» не үшін керек? Гүлдің құрылымы мен таралуы арасындағы байланыс.<br>Қорытынды. Тұқымдар өте кішкентай,жел «парашюттерге» алысқа ұшуға көмектеседі.<br>Өз бетімен іс-әрекет<br>Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп,<br>3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру. | айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>**Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу.**<br>Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау.<br>Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.<br>**«Төртінші артық»**<br>Балалардың топтау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау.<br>Өз бетімен іс-әрекет<br>Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс-<br>әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын,көзқарасын,<br>мүддесін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру**.** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айтқызу және т.б. жаттату. **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)<br>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ай мен жұлдыз туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою **(көркем әдебиет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>**КАРТОТЕКА № 12**<br>"Құстар" ***1.*** "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». ***2*** . «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту. ***3.*** «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. ***4.*** "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау,аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу.<br>Қағаздан және ермексаздан аққу жасауды ұсыну.<br>«Аққуды атпа, досыңды сатпа.»<br>Мақалды жаттату.<br>**(мүсіндеу және жапсыру)** | «Ұсқынсыз үйрек» мультфилімін көру. Өз ойларын айтқызуды үйрету. «Құстар ұшады» ойынын ойнау.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта ермексаздан үйрек жасату.<br>**мүсіндеу)**<br>Екінші орталықта «оригами» үлгісі бойынша үйрек пішінін құрастыруға ынталандыру.<br>**(құрастыру)** | «Құстар біздің досымыз» тақырыбында суреттер қарату. Оларға қалай қамқорлық таныту керектігін суреттер арқылы көрсету. Топтағы құстарға жем және су беру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>«Құстар шеруі» тақырыбында ұжымдық жұмыс.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын | Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру.<br>Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру.<br>**(мүсіндеу)**<br>**(жапсыру)**<br>**(құрастыру)**<br><br>Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау.<br>**(музыка)**<br><br>**Зерттеу**<br>Мақсаты:«Құмның қасиеті» | таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**<br>Баларады орталықтарға бөлу.<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.<br>**(жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету. **(жапсыру)** | Құмның қасиеттерімен таныстыру (құм қиыршықтардан тұрады, борпылдақ, ұсақ, жеңіл шашылады, суды өткізеді, құмда іздер қалады). | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуды машықтандыру. | Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету. | Өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру | Тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуды үйрету. | Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндей үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу.<br>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу.(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **К-ка 15. Бақбақтың өсуін бақылау**<br>Бақылау<br>Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту.<br>Қимылды ойын<br>«Гүлдер»<br>Гүлдердің атауын пысықтау(ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу(бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады);ойын тәртібін сақтау(жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады).<br>Еңбек іс-әрекеті<br>Гүлзарлардағы гүлдері бағып,күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту.(таңертең не кешке суару, күн қызбай | | **К-ка 22. Жәндіктерді бақылау**<br>Бақылау<br>Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету.Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау,қорытынды жасау,байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау.<br>Қимылды ойын<br>**«Көбелектер, бақалар,көкқұтан»**<br>Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>**Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу.**<br>Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу. | | |

| | | |
|---|---|---|
| | тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойындар.Тәжірибе және сараптама,<br>«Тұқымның саяхаты»<br>Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту. (тұқым-су,топырақ,жылы,сабақ,жапырақтар,гүл,гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады.)<br>Тәжірибе. Бақ-баққа «парашют» не үшін керек? Гүлдің құрылымы мен таралуы арасындағы байланыс.<br>Қорытынды. Тұқымдар өте кішкентай,жел «парашюттерге» алысқа ұшуға көмектеседі.<br>Өз бетімен іс-әрекет<br>Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп,<br>3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру. | Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.<br>**«Төртінші артық»**<br>Балалардың топтау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау.<br>Өз бетімен іс-әрекет<br>Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс-әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын,көзқарасын, мүддесін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру**.** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Құстар әлемі туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну.<br>Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру. | |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
***Жоспардың құрылу кезеңі:* 12.05.-16.05.25 ж 2 апта**
**Апта дәйексөзі:** «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»
**Тәрбиешілер:**Рустемова Ш.Т. Қондыбаева А.Қ.

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 12.05.2025 | Сейсенбі 13.05.2025 | Сәрсенбі 14.05.2025 | Бейсенбі 15.05.2025 | Жұма 16.05.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, оны жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. **(сөйлеуді дамыту)** Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, | «Тазалық – денсаулық кепілі» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам. **Коммуникативтік дағдылар** | Саусақ ойыны «Кірпі» Момақанмын алайда Тікенім көп абайла Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме, жарайма **Коммуникативтік дағдылар** Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) | Балаларға қазақ халқының киіз басу дәстүрін таныстыру.- Ұсақ моториканы, шыдамдылықты және ұжымдық жұмысты дамыту.- Шығармашылық және эстетикалық қабілеттерін арттыру. **Бір тұтас тәрбие** | **Балармен жеке жұмыс.** Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру. Үйдегі және даладағы жануарлардың айырмашылығы жайлы түсіндіру,қауіпсіздік шараларына үйрету **Қауіпсіздік ережелері** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>Жаттығу №14<br>Ойын: «Ұшаққа отырамыз» қолды екі жаққа созып, ұшақ бейнесін келтіру.<br>Шашыла жүгіру.<br>Шеңберге тұру.<br>Б.қ:Аяқ иық бойымен.<br>О: Қолды алдыға-артқа тербету. 3-4 рет.<br>Б.қ: Аяқ иық бойымен.<br>О: Денені оңға - солға бұру. 3-4 рет<br>Б.қ: Түзу тұру, аяқ иық бойымен, қол белде.<br>О: Тізені бүгіп,, алдыға еңкейіп «бом» деп айту. 3-4 рет<br>Б.қ: Аяқ иық бойымен, «Балапандар су ішеді».<br>О: Алдыға қарай еңкейіп, қолды артқа қарай созып, су ішкен тәрізді болу. 3-4 рет<br>Орнында тұрып, екі аяқпен секіру<br>Тыныс алу жаттығуы<br>«Ұшақпен қайтамыз» тәрбиешінің соңынан жүру. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайырту. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын:<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>Қандай айлар атап беріңдерші?<br>Көктемде не жауады?<br>Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.<br>«Жер ана туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру;<br>Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру;<br>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру<br>Қимылды ойын:<br>«Допты дәлдеп лақтыр»<br>**Музыка**<br>**(**маман жоспары бойынша) | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>тізені жоғары көтеріп жүру;<br>шеңбер бойлап жүгіру;<br>тұрған жерінен ұзындыққа секіру;<br>тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.<br>Қимылды ойын:<br>Поезд<br>**Қазақ тілі**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштардыжаттауға баулу. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі<br>жүгіру;<br>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу;<br>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру;<br>Қимылды ойын:<br>«Күміс алу» |
| | Көктемнің екінші айы Мамыр екенін. «Мамыр болмай тәуір болмайды» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ, бәйшешек, наркес гүлдері туралы ақпарат беру. Топтағы гүлдерге күтім жасау | Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарылады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. | Топтағы күн тәртібі бейнеленген тақтаға назарларын аудару. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке.Жеке қима суреттер арқылы анықтату.<br>**(математика негіздері)**<br>«Қара жорға» әнін | Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Құмда сурет салу.<br>**(сурет салу)** | **Қайырлы таң, балалар!**<br>Арайланып таң атты,<br>Алтын шапақ таратты,<br>Қайырлы таң, балалар!<br><br>Тақпағын жаттату<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Балаларды екі гүлге сәйкес топтарға бөлу. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Бірінші топ гүлдерді қағаздан жасату.<br>**(құрастыру, жапсыру)** | Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br>Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салдыру, бояту<br>**(сурет салу)** | айтқызу, би қимылдарын қамшым ен  жасату.<br>**(музыка)** | | бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Жеке балалармен үстелде ойыншықтарды ойнату<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа  толтырып сөйлемеу | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын  құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық тұғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру.  Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **№27  Серуен - еңбек**<br>Тақырыбы: «Отырғыз ағаш көктемде»<br>Мақсаты:  Балаларға көктемгі еңбек жайлы түсінік беру. Ағаш отырғызу әрбір азаматтың міндеті екендігін айта отырып, табиғатқа деген   сүйіспеншілік, қамқорлық сезімдерін ояту.<br>Барысы:<br>I.  Бақылау әрекеті<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br>Жыл мезгілдеріне байланысты кіріспе сұрақтарын қою.<br>II.   «Отырғыз ағаш көктемде»    М. Қуанышбеков.<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болмақ еңбек еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң еккенге,<br>Сындырма жұрттың еккенін.<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Көктемде не істеу керек екен?<br>Қалай ойлайсыңдар, ағаш не үшін керек? | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отырғызылған ағаштарды сындыруға бола ма?<br>Ағаш қаламның көркі, жазда көлеңке,сая болады. Қазақта<br>«Бір тал кессең, он тал ек», деген сөз бар. Мағынасын түсіндіру, жаттату. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру<br>Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату **(музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>КАРТОТЕКА № 13<br>Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.<br>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу. | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау Ермексаздан қызғалдақ жасату. **(мүсіндеу)**<br><br>Балалар ұнататын | Балаларға әдебиет орталығында «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға | Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға дәндерді жапсырып құмыраны сәндету **(мүсіндеу)**<br><br>Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен | Балбақша құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденеңнен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ | **Зерттеу**<br>«Заттардың көпіршікте қалқуы»<br>Заттардың сабын көпіршігінде қалқуы туралы түсініктерін дамыту (заттардың қалқуы көлеміне емес, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әндерін қайталап айтқызып, би билету **(музыка)** | ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу **(көркем әдебиет)** Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндету, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. **(мүсіндеу)** | безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. **(сурет салу)**<br><br>«Жалқау қыз» ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)** | құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау. **(құрастыру )**<br><br>Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату **(көркем әдебиет)** | ауырлығына байланысты). «Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарату, ойнап болған соң оларды жинату және орнына қойғызу, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды менгерту. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. **(құрастыру)**<br><br>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды пысықтау. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. **(мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Топта қалған балаларға отбасы мүшелері туралы әңгімелеп, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіруді үйрету | Анель мен Алиханға табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды және атауға үйрету | Ақтөре мен Ханшайымға мемлекеттік және ұлттық мерекелерге қатыстыру | Айкөркем мен Айбикеге кейбір табиғат құбылыстарын, табиғаттағы және ауа райындағы маусымдық өзгерістерді ажыратып үйрету | Фатима мен Даянаға қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды үйрету |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. |
| **Серуен** | **№27 Серуен - еңбек**<br>Тақырыбы: «Отырғыз ағаш көктемде»<br>Мақсаты: Балаларға көктемгі еңбек жайлы түсінік беру. Ағаш отырғызу әрбір азаматтың міндеті екендігін айта отырып, табиғатқа деген сүйіспеншілік, қамқорлық сезімдерін ояту.<br>Барысы:<br>I. Бақылау әрекеті<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br>Жыл мезгілдеріне байланысты кіріспе сұрақтарын қою.<br>II. «Отырғыз ағаш көктемде» М. Қуанышбеков.<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болмақ еңбек еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң еккенге,<br>Сындырма жұрттың еккенін.<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Көктемде не істеу керек екен?<br>Қалай ойлайсыңдар, ағаш не үшін керек?<br>Отырғызылған ағаштарды сындыруға бола ма?<br>Ағаш қаламның көркі, жазда көлеңке,сая болады. Қазақта<br>«Бір тал кессең, он тал ек», деген сөз бар. Мағынасын түсіндіру, жаттату |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Оқып берген ертегілерді үйде қайталау. |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Балапан» ортаңғы тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі: 19.05.-23.05.25 жыл 3апта**
**Апта дәйексөзі:** «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек»(Төле би)
**Тәрбиешілер:**Рустемова Ш.Т., Қондыбаева А.Қ

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 19.05.2025 | Сейсенбі 20.05.2025 | Сәрсенбі 21.05.2025 | Бейсенбі 22.05.2025 | Жұма 23.05.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата –аналармен пікірлесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Өнер орталығында **сурет салу**, суретті карточкаларды бояу, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету,отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің | Дидактикалық ойын Кімнің үйі ұя, апан ін көрсетіледі оларда тұратын жануарларды тауып орналастырады. **Әлеуметтік дағдылар** | Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. **(қоршаған ортамен танысу)** Балалармен жеке жұмыс. | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекетін ұйымдастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жақындарына мақтаныш сезімін білдіру дағдысын жетілдіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>**Жаттығу №15**<br>Бірінің артынан бірі жүріп, калоннаға тұру.<br>Шашыла жүгіру.<br>Шеңберге тәрбиеші көмегімен тұру.<br>Б.қ:Аяқ иық бойымен.<br>О: Қолды шынтақта бүгу. Алдыға-артқа «пойыз» тәрізді жүру. 4-5 рет.<br>Б.қ: Жерге тізені бүгіп, отыру.<br>О: Үйректер жүреді. 4-5 рет<br>Б.қ: Аяқ иық бойымен.<br>О: «Дөңгелектерді тексерейік» ейкейіп, тізеден саусақпен соғу. 4-5 рет<br>«Қояндар секіреді»<br>О: Екі аяқпен орында тұрып секіру. 4-5 рет<br>Терең дем алу. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу.<br>Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру.<br>«Бір шаңырақ астында» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>тізені жоғары көтеріп | . | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>сапта бір-бірлеп, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру;<br>Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі<br>жүгіру;<br>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру<br>**Қимылды ойын:**<br>«Допты дәлдеп лақтыр»<br>**Қазақ тілі**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау. | жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру;<br>шеңбер бойлап жүгіру;<br>допты екі қолымен жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру;<br>Қимылды ойын:<br>Күміс алу<br>**Музыка**<br>**(**маман жоспары бойынша) | | бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі<br>жүгіру;<br>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу;<br>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру;<br>Қимылды ойын:<br>«Күміс алу» | |
| | Гүлдер топырағы құрғап, ойыншықтар кірлеп қалғанын бақылатып оларды суарып топты жинап ретке келтіруді ұйымдастыру. Өсімдіктерге күтім жасауға баулуды жетілдіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>«Әтеш пен бұлбұл» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізгі ойын баларға түсіндіру. **(көркем әдебиет)** | «Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинату. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды салыстыруды дамыту **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br><br>Ұжымдық жұмыс. | Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу.<br>**(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Орыс халқының ұлттық орамалына қарап, суретін бояту. Сурет салу кезінде қарындашты қатты | Ғажайып қоржындағы ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қоржындағы ойыншықтарды шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасау.<br>**(математика негіздері)**<br>Топты сәндеуге арналған заттар | Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту. Фильм арқылы көрсету. Тәй тәй әнін айтқызу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, оң және сол. Үстел үстінде бағыттар белгіленген карточкалармен ойын ойнату<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстырғызу. **(мүсіндеу)** | қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. **(сурет салу).** | жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету **(құрастыру)** | |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау) (**қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Серуен** | **№28 Серуен – жаңа күн**<br>Тақырыбы: «Сәуір айы, тәуір ай»<br>Мақсаты: Көктем мезгілі, сәуір айындағы табиғат келбетін әңгімелету. Тілдерін, ойлау әрекеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын бақылату, желдің бағытын анықтау.<br>II. - Жыл мезгілі қандай?<br>- Көктем айларын атаңдаршы?<br>- Көктем мезгілі келгенін қайдан білеміз?<br>(Күн жылынды, қар еріп, су ақты)<br>- Ал қазір қандай?<br>(Жер кепті, күн жылына түсті, құстар келе<br>Қары еріп даламның,<br>Арықтардан су ақты.<br>Ақ жүзіндей ананың,<br>Көктем келді шуақты.<br>- Өлеңде қай мезгіл суреттелген?<br>- Көктемнің қай айында осы көріністер болады?<br>- Қазір қай ай?<br>Ендеше, «Сәуір айы тәуір ай» деп бекер айтпаған екен. Себебі күннің жылынып, жердің кеуіп, құрғаған кезі. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындату : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)<br>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Әртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>**КАРТОТЕКА № 14**<br>1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Мысықтар Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу. Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр. Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз 2 .Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Мысық сияқты аяқтын ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру.Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет) 3 .Демалу жаттығулары<br>Мяууу мяууу мяуууу<br>Фррр фрррр фрррр<br>4 .Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдenetін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды екі топқа | Халықтар достығы дегеніміз не? басқа ұлт өкілдерін қалай танимыз? Суреттер арқылы әңгімелесу. **(көркем** | Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Жиын жасату. **(математика негіздері)**<br><br>«Үш аю» орыс халық | Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен | **Зерттеу**<br>«Ауа қозғалысы»<br>Балаларға ауа заттарды қозғалысқа келтіретіні туралы түсінік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөліп ермексаздан әр балаға бір адам пішінін жасату<br>Екінші топта қағаздан әр бала адам сұлбасын адамдардың қолдарын ұстатып қосып жапсырту.<br>**(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>«Достық» туралы жаттаған әнін айтқызу<br>**(музыка)** | **әдебиет)**<br><br>Балаларды орталықтарға бөліп<br>Әр түрлі ұлттың халық әндерін тыңдатып, би билету.<br>**(музыка)**<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.<br>**(жапсыру)** | ертегісін оқып беру.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру **(мүсіндеу)**<br>Конструктордан үйшік құрастыру дағдыларын қалыптастыру<br>**(құрастыру)** | нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау;<br>**(жапсыру)**<br><br>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | беру(желбағдар, желкенді кеме, суда, әуе шарлары және т.б.).<br>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттері. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.<br>Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздеріне ойыншық жасауына мүмкіндік беру.<br>**(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әділжан мен Раминаға «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді білуді үйрету. | Зере мен Арайлымға негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету. | Даяна мен Айкөркемге тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып секіруді үйрету. | Айзере мен Ерсұлтанға еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдауды үйрету. | Мөлдір мен Инабатқа қағаздан симметриялық пішіндерді қия отырып, түрлі үйлесімдікте сюжетті суреттерді салуға машықтандыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | №28 Серуен – жаңа күн<br>Тақырыбы: «Сәуір айы, тәуір ай»<br>Мақсаты: Көктем мезгілі, сәуір айындағы табиғат келбетін әңгімелету. Тілдерін, ойлау әрекеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке,<br>қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>І. Бүгінгі ауа райын бақылату, желдің бағытын анықтау. | | | | |

| | |
|---|---|
| | II. - Жыл мезгілі қандай?<br>- Көктем айларын атаңдаршы?<br>- Көктем мезгілі келгенін қайдан білеміз?<br>(Күн жылынды, қар еріп, су ақты)<br>- Ал қазір қандай?<br>(Жер кепті, күн жылына түсті, құстар келе<br>Қары еріп даламның,<br>Арықтардан су ақты.<br>Ақ жүзіндей ананың,<br>Көктем келді шуақты.<br>- Өлеңде қай мезгіл суреттелген?<br>- Көктемнің қай айында осы көріністер болады?<br>- Қазір қай ай?<br>Ендеше, «Сәуір айы тәуір ай» деп бекер айтпаған екен. Себебі күннің жылынып, жердің кеуіп, құрғаған кезі |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.<br>Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. |

Тексерілді: Бердаулетова

Номерленген
Тігілген
291 (Екі жүз тоқсан бір) бет

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы
бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
меңгерушісі ________ Н.К Құдабаева